Ағымдағы оқу жылының  желтоқсанның 24 жұлдызы мектебімізде математика пәнінен қалалық семинар өткізілді. Семинардың тақырыбы «Математика пәнінде оқытудың инновациялық тәсілдері: тәжірибе, ізденіс, шешім...». Семинар мақсаты заманауи мұғалім инновациялық технологияларды жетік пайдалана алуын көрсету.








https://www.instagram.com/p/CX5WZK9tCRC/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

2022 жылы ақпан айының 25 жұлдызы мектебімізде ТІЖО қалалық семинар өткізілді. Семинардың тақырыбы «Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – мектептің тәрбие ісіндегі ең маңызды бағыт». Семинар мақсаты мектептің тәрбие ісіндегі ең маңызды бағыты оқушыларды ұлттық құндылықтарды ұлықтауға үйрету маңызды екендігін көрсету.






https://www.instagram.com/p/CaaFFhasfm0/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Мектебіміздің АКТ құзыреттілігі бойынша тобы жоспарға сай ұстардардың АКТ құзыреттілігін арттыру мақсатында түрлі тақырыптарды тренингтер ұйымдастырып отырады. Тренингтер барысында мұғалімдер өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, практикалық жұмыстармен білімдерін шыңдады. Ұйымдастырушы топ жетекшісі Абильдина А.М., информатика пәні мұғалімі, топ мүшелері жас мамандар Базарбекова А.К., Джалғасов Ғ.М., Медет М., Аманжолова Д.М.




https://www.instagram.com/p/CbtEmghsAoQ/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Мұғалімдерді жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында өзін-өзі дамытуға дайын болуын, жеті модуль технологиясы бойынша әдістемелік жұмыстың тиімділігін қолдана отырып, іс-тәжірибесін жетілдіру мақсатында оларды оқыту және тәлімгерлік көмек көрсету бойынша мектепшілік әдістемелік кеңестер мен мектепшілік семинарлары ұйымдастырылып келуде.










https://www.instagram.com/tv/CYrbDowJYZ3/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

https://www.instagram.com/tv/CYo4bzgJzV6/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

https://www.instagram.com/tv/CYw3-EvJc4P/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

## VI. Білім беру қызметінің нәтижелері

Бастауыш сыныпта барлығы 11 бастауыш сынып мұғалімі, 2 мектепалды даярлық топ тәрбиешілері еңбек атқарады.

Оның ішінде: 6 - педагог-зерттеуші, 1-жоғарғы санатты, 3- педагог-сарапшы, педагог-модератор – 2 мұғалім бар.

Бастауыш сыныптар бойынша жалпы бала саны-287. Оның ішінде МАД топтарында - 46 бала, 1-4 сыныптарда – 241оқушы. Үздіктер саны - 57, екпінділер-68.

Бастауыш сыныптардың жылдық білім сапасы әдебиеттік оқу пәні бойынша-78%, қазақ тілі пәнінен-78,17%, математика пәнінен-73,26%, жаратылстану пәнінен- 75,81%, дүниетанудан-70%-ды құрайды.




Бастауыш сынып оқушылары үнемі мектепішілік, қалалық іс-шараларға, пәндік олимпиадаларға қатысып отырады.

**Қалалық пән олимпиадасында** Кунанбаева Айдана Азатовна, қазақ тілі II орын, Сарсембаев Мүслім Мейрамұлы, математика I орын (жетекшісі: Идрисова Анаргуль Серикбаевна), Қалиасқар Сезім Саятқызы, жаратылыстану III орын (жетекшісі: Ембергенова Марина Кожакуловна), Азатбай Инара Азатбайқызы, ағылшын тілі II орын (жетекшісі: Базарбекова Асель Какимбековна), Нұртуған Нұржайна Мұрсалқызы, қазақ тілі II орын (жетекшісі: Калыкова Гулжан Еслямгалиевна), Әбілғазы Жандос Нұртайұлы, математика III орын (жетекшісі: Бекхожина Жанар Еслямбековна), Ахметова Анель Армановна - қазақ тілі II орын , Баянбай Ернұр Ералыұлы-математика IIIорын (жетекшісі: Лукманова Гульстан Каиржановна), Жакупова Саяна Мухтаровна, орыс тілі (жетекшісі: Жетпысбаева Марал Алтынбековна), Насырова Аиша Руслановна, ағылшын тілі (жетекшісі: Жанаидарова Гульмайра Амантаевна), Әбжан Әмина Сейітханқызы, жаратылыстану (жетекшісі: Аманжолова Данара Маратовна)

«Ең үздік бастауыш сынып мұғалімі» қалалық сайысында Ембергенова М.К. мен Хуаныш Г.қатысып, Ембергенова М.К II орын, Хуаныш Г I орын иеленді. Қалалық «Жас маман» сайысында Аманжолова Д.М.қатысып, IV орынға ие болды.

Республикалық **«Үркер» байқауына жалпы бастауыш сыныптан 68 оқушы қатысып** 8 оқушы I орын, 28 оқу II орын, 32 оқушы III орын иеленді.

**Респубикалық «Қош келдің, Алтын күз!»** атты байқауға 36 оқушы қатысып жүлделі орындарға ие болды.
Ақпанның **07.02.2022 – 18.02.2022 ж.ж.** аралығында бастауыш сыныптар аралығында «Туған жердің балдырған ұланымыз...» атты онкүндігі өткізілді.
Ақпанның 7-сі С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейінде "Бастауыш-білім бастауы" атты бастауыш сыныптар онкүндігінің ашылу салтанаты өтті. Қазақстан Республикасының әнұраны айтылды. Оқушылар онкүндік жоспармен танысты.




Онкүндік аясында 1-ші сынып оқушылары арасында «Көркем жазу» байқауы ұйымдастырылды.
«Көркем жазу» байқауының қорытындысы:
**I орын** Бекзат Айғаным
**II орын** Сулейменов Теміржан
**III орын** Кеңес Әлтаир
**Мақсаты:** оқушыларды сауатты, шапшаң, көркем жазуға машықтандыру.
Жеңімпаздар мен қатысушылар мадақтамамен марапатталды.
Ұйымдастырушылар: С.М.Кушкумбаева, Ж.Е.Бекхожина , Г.Хуаныш



1-ші сынып оқушылары арасында «Оқу шапшаңдығы» байқауы ұйымдастырылды.

«Оқу шапшаңдығы» байқауының қорытындысы:
**І орын** Асқарбек Даяна
**ІІ орын** Бейсенбаев Арсен
**ІІІ орын** Сейдуахан Мөлдір

**Мақсаты:** оқушылардың сөздерді дұрыс, қатесіз, буындап оқуға жаттықтыру, талапқа сай оқуына машықтандыру.
Жеңімпаздар мен қатысушылар мадақтамамен марапатталды.
«Менің сүйікті жануарым» айтты сурет байқауы ұйымдастырылды.
«Менің сүйікті жануарым» айтты сурет байқауының қорытындысы:
**І орын** Бекзат Айғаным
**ІІ орын** Қалиасқар Мерейлім
**ІІІ орын** Сапар Әдина




"Математика көшбасшысы" байқауы ұйымдастырылды.
"Математика көшбасшысы" байқауының қорытындысы:
**І орын** Скаков Амир
**ІІ орын** Сағындық Илигай

**III орын** Мурзахметов Нуртас
Жеңімпаздар мен қатысушылар мадақтамамен марапатталды.
Мақсаты:
-математика пәнінен білім беруді қызықты және ұтымды қылып атқару;
-оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, танымдық қабілетін, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.
"Ойна да, ойла" атты танымдық ойын сабағы ұйымдастырылды.
**Мақсаты:** оқушылардың әрбір пән бойынша алған білімдерін тиянақтау, жинақтылыққа тәрбиелеу, ақыл-ойын дамыту.
Танымдық сабаққа қатысушылардың барлығы мадақтамамен марапатталды.



Апталық кезіндегі барлық сабақтар өз деңгейінде өткізілді.

Барлық ұстаздар онкүндік барысында жақсы ұйымдастырушылық қабілеттерін танытып, мерекелік шығармашыл орта құра білді. Оқушылар пәндер бойынша білімдерін көрсетіп, оны түрлі жағдаяттарда қолдана алу білігін, өзара көмектерін танытып, қиын сұрақтардың түрлі шешімдерін қарастырды.

Бастауыш сыныптар онкүндігі шығармашыл, ынтымақшыл ортада өтті және бастауыш сыныптар жұмысының нәтижелігін көрсетті деп нық сеніммен айтуға болады.

Онкүндіктің жабылу салтанатында белсенді оқушыларға мадақтамалар табыс етілді. Барлық оқушы дерлік марапат пен алғыс хатқа ие болды.

Яғни, біз бастауыш сыныптар онкүндігінің алдына қойылған барлық міндеттерді шеше білдік деп айта аламыз. Бастауыш сынып ұстаздарына да алғыс білдіргіміз келеді.

Биылғы оқу жылында 4-сыныптардан онлайн тест алынады. Негізгі пәндер: қазақ тілі мен математика. 60 минут, 10 мин.үзіліс. Әр пәннен 15 тестік тапсырма беріледі. Жалпы екі пәннен 30 ұпай алуы керек. Нәтижесінде 51% білім сапасын көрсетті.

## VII.Бейіндік оқыту

Бейіндік оқыту жалпы орта білім деңгейінде жаратылыстану-математикалық бағытында жүзеге асырылады. Оқушылардың танымдық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында кәсіби бағдарланған тәсілді жүзеге асыру аясында бейіналды 1-11сыныптарында математика пәні тереңдетіліп оқытылады.

| *Оқу жылдары* | *Бейінді сыныптардың саны* | *Бейінді сыныптардағы оқушылардың саны* | *Бейінді сыныптарда тереңдетілген пәндердің саны* |
|---|---|---|---|
| *2019-2020* | *25* | *529* | *8* |
| *2020-2021* | *22* | *511* | *9* |
| *2021-2022* | *18* | *392* | *8* |

## 2021-2022 оқу жылының бейінді оқытуға бағытталған сыныптардағы тереңдетілген пәндердің жылдық оқу үлгерімі мен білім сапасы

Бейіналды және бейінді сыныптардың білім сапасын анықтау мақсатында жыл бойы тест, тақырыптық тексеру жұмыстары жүргізілді. Төмендегі кестеде 4 тоқсан қорытынды тексеру жұмысының нәтижесі көрсетілген.

| **Сынып** | **Пән** | **Мұғалімі** | **Оқушылар саны** | **Тереңдетілген пән бойынша білім сапасы** | **Жалпы білім сапасы** | **Оқу үлгерімі** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 «А» | Математика | Кушкумбаева С.М | | - | - | - |
| 1 «Ә» | Математика | Хуаныш Г | | - | - | - |
| 1 «Б» | Математика | Бекхожина Ж.Е | | | | |
| 2 «А» | Математика | Амангелдиева Ш.Х | 21 | 90% | 85% | 100% |
| 2 «Ә» | Математика | Калыкова Г.Е. | 19 | 58% | 78 % | 100% |
| 3 «А» | Математика | Ақылбекова С.М. | 24 | 68% | 68% | 100% |
| 3 «Ә» | Математика | Абежанова Н.А. | 27 | 81% | 70 % | 100% |
| 4 «А» | Математика | Лукманова Г.Х | 18 | 70% | 71% | 100% |
| 4 «Ә» | Математика | Идрисова А.С. | 19 | 61% | 70% | 100% |
| 5«А» | Математика | Мукажанова Л.О | 25 | 80% | 76% | 100% |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 «А» | Математика | Мукажанова Л.О | 21 | 78% | 76% | 100% |
| 6 «Ә» | Математика | Махашева А.Ү | 25 | 65% | 60% | 100% |
| 7«А» | Математика | Шаяхметова М.Н. | 21 | 65% | 62% | 100% |
| 7 «Ә» | Математика | Шаяхметова М.Н. | 20 | 61% | 55% | 100% |
| 8 «А» | Математика | Махашева А.Ү | 24 | 87% | 87% | 100% |
| 9«А» | Математика<br>Химия | Мукажанова Л.О .<br>Медет М | 24 | 85%<br>82% | 81%<br>82% | 100% |
| 10 «А» | Математика<br>Физика | Шаяхметова М.Н.<br>Қалтенова З.Қ. | 17 | 77%<br>76% | 77% | 100% |
| 10 «Ә» | Математика | Төлеген С.Ө. | 27 | 64% | 62% | 100% |
| 11 «А» | Математика<br>Физика | Шаяхметова М.Н.<br>Қалтенова З.Қ. | 18 | 100%<br>100% | 100%<br>100% | 100%<br>100% |

Балалық шақтағы дарындылықтың ерте көзге түсуі ата-аналардың, педагогтардың қамқоршылығын талап етеді. Дарынды балалардың оқытылуы арнайы жасалынған бағдарламалардың негізінде жүрсе, дұрыс болады.

**Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері:**

- сабақтардағы оқу істері;
- сыныптан тыс жұмыстар;
- олимпиадалық резерв мектебі (олимпиадалар, байқаулар, жарыстар);
- оқушылардың ғылыми қоғамы;
- қосымша білім беру жүйесі (таңдау және қолданбалы курстар, факультативтер мен үйірмелер).

Соңғы үш жыл ішіндегі оқушылардың оқу рейтингтік көрсеткіштері
Пәндік олимпиада нәтижелері 2019 – 2020 оқу жылында мектеп оқушылары қалалық пән олимпиадасына 27 оқушы қатысып, 21 жүлделі орынға ие болды.

**І орын -9, ІІ орын -4, ІІІ орын -8, мадақтама -1**

| № | Қатысушының аты-жөні, тегі | сынып | Нәтижесі (орын) | Пәні | Мұғалімнің аты-жөні, тегі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Марал Асель | 9А | І орын | Қазақ тілі | Ережепова Г. Б. |
| 2 | Нұрназарова Гүлназым | 10А | ІІІ орын | Қазақ тілі | Ақылбекова С. М. |
| 3 | Ермек Жұлдыз | 11Ә | Іорын | Қазақ тілі | Киршимова Н.К. |
| 4 | Урустемова Жұлдыз | 9 Ә | І орын | Орыс тілі | Галаганова Г.А. |
| 5 | Оскина Данайым | 10 Ә | І орын | Орыс тілі | Туякова А.Н. |
| 6 | Идрисова Ясмина | 11 А | Іорын | Орыс тілі | Алибаева К.А. |
| 7 | Айбасова Жасмина | 9А | - | Ағылшын тілі | Мухажанова Ж.М |
| 8 | Каиржанова Динара | 10А | ІІІ орын | Ағылшын тілі | Мухажанова Ж.М. |
| 9 | Алимхан Жанерке | 9Ә | - | Құқықтану | Райхан М. |
| 10 | Омарбаева Дильназ | 10А | - | Құқықтану | Аяған Н.А. |
| 11 | Құдайберген Дария | 11А | ІІІ орын | Құқықтану | Аяған Н.А. |
| 12 | Мамирова Рабия | 10А | ІІІ орын | Қазақстан тарихы | Аяған Н.А. |
| 13 | Райымбекова Меруерт | 11А | І орын | Қазақстан тарихы | Аяған Н.А. |
| 14 | Тилеген Темирлан | 9Б | ІІІ орын | Математика | Джалғасов Ғ.М. |
| 15 | Төлеген Жанболат | 10А | ІІ орын | Математика | Шаяхметова М.Н. |
| 16 | Хасен Ерұлан | 11А | І орын | Математика | Мукажанова Л.Ө. |
| 17 | Байбулат Әлішер | 9Ә | ІІІ орын | Физика | Қалтенова З.Қ. |
| 18 | Жумабай Мерей | 10А | ІІ орын | Физика | Қалтенова З.Қ. |
| 19 | Тайжанова Мадина | 10А | ІІІ орын | Биология | Кабжанова Г. К. |
| 20 | Орумбаев Куаныш | 11А | мадақтама | Биология | Кабжанова Г. К. |
| 21 | Амангелді Алина | 10 А | - | Химия | Кельдешева Ж. А. |
| 22 | Алиева Гүлден | 9А | - | Химия | Бәкіржанқызы М. |
| 23 | Нуримбетова Қарақат | 9А | ІІІ орын | География | Искакова О.С. |
| 24 | Сабитова Камила | 11А | І орын | География | Искакова О.С. |
| 25 | Саметова Зарина | 9Ә | І орын | Өзін-өзі тану | Ракишева Р. С. |
| 26 | Сәлім Әсел | 10Ә | І орын | Өзін-өзі тану | Киршимова Н. Қ. |
| 27 | Амангелді Аяулы | 11А | І орын | Өзін-өзі тану | Киршимова Н. Қ. |

## 2020-2021 оқу жылындағы  олимпиада көрсеткіші

| I орын | | II орын | | III орын | |
|---|---|---|---|---|---|
| пән | саны | пән | саны | пән | саны |
| қазақ тілі | 1 | қазақ тілі | 1 | қазақ тілі | 1 |
| орыс  тілі | 2 | орыс  тілі | 1 | орыс тілі | - |
| география | 1 | география | - | география | 1 |
| математика | 1 | математика | 1 | ағылшын тілі | 1 |
| Қазақстан  тарихы | 1 | физика | 1 | физика | 1 |
| өзін-өзі тану | 3 | | | Қазақстан тарихы | 1 |
| | | | | биология | 1 |
| | | | | құқықтану | 1 |
| | | | | математика | 1 |
| жалпы | 9 | жалпы | 4 | жалпы | 8 |

## 2021-2022оқу жылында

9 – 11 сыныптар арасында өткізілген қалалық олмипиаданың нәтижесі Жалпы қалалық олимпиадаға 33-оқушы қатысты. 25-оқушы жүлделі орынға және 8-оқушы ГРАМОТА иегері атанды.

I-орын 7-оқушы, II-орын  5-оқушы, III-орын 10-оқушы, IV-орын 3-оқушы.

| № | Пән | Оқушының аты-жөні | Сынып | Нәтижесі | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Математика | Кенесова Айнара | 9 А | Грамота | Мукажанова Л.О |
| 2 | | Тилеген Темирлан | 10 Ә | **1-орын Облысқа жолдама** | Джалгасов Г.М. |
| 3 | | Төлеген Жанболат | 11 А | Грамота | Шаяхметова М.Н |
| 4 | Физика | Айтбай Нұрсана | 9 А | 3-орын | Қалтенова З.Қ. |
| 5 | | Коржимбай Дидар | 10 Ә | 2-орын | Қалтенова З.Қ. |
| 6 | | Жұмабай Мерей | 11 А | 3-орын | Қалтенова З.Қ. |
| 7 | Биология | Темірбаева Ұлжан | 9Ә | 3-орын | Кабжанова Г.Қ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | | Алиева Гүлден | 10А | 4-орын | Кабжанова Г.Қ |
| 9 | | Тайжанова Мадина | 11А | Грамота | Кабжанова Г.Қ |
| 10 | Құқық негіздері | Төлеутай Райхан | 8А (9-сынып үшін барды) | Грамота | Аяған Н.А |
| 11 | | Алимхан Жанерке | 10Ә | 2-орын | Аяған Н.А. |
| 12 | Қазақстан тарихы | Қамидолла Тамерлан | 9А | 4-орын | Аяған Н.А. |
| 13 | | Тұрдыбекова Асем | 10Ә | **1-орын**<br>**Облысқа жолдама** | Аяған Н.А. |
| 14 | | Мамирова Рабия | 11А | **1-орын**<br>**Облысқа жолдама** | Аяған Н.А. |
| 15 | Ағылшын тілі | Хакім Ақнұр | 9А | 3-орын | Мухажанова Ж.М. |
| 16 | | Жаксылыкова Дильназ | 10Ә | 3-орын | Мухажанова Ж.М. |
| 17 | | Каиржанова Динара | 11А | 2-орын | Мухажанова Ж.М. |
| 18 | Орыс тілі | Джанкабулова Камила | 9А | 1-орын | Жетпысбаева М.А. |
| 19 | | Кәрібжан Жания | 10Ә | 1-орын | Туякова А.Н |
| 20 | | Уристемова Жұлдыз | 10Ә (11-сынып үшін барды) | **1-орын**<br>**Облысқа жолдама** | Галаганова Г.А. |
| 21 | Қазақ тілі және әдебиеті | Джамил Аружан | 9А | 2-орын | Ережепова Г.Б. |
| 22 | | Марал Асел | 10А | 1-орын<br>**Облысқа жолдама** | Ережепова Г.Б. |
| 23 | | Баймуратова | 11Ә | 3-орын | Киршимова А.Қ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Аяжан | | | |
| 24 | Информатика | Кожанбетов Чингизхан | 10А | 3-орын | Абильдина А.М. |
| 25 | География | Махмутова Диана | 9Ә | 2-орын | Жұмабекова Н.Х. |
| 26 | | Жекешева Адина | 10Ә | 4-орын | Искакова О.С. |
| 27 | | Нуримбетова Қарақат | 10А (11-сынып үшін барды) | 3-орын | Искакова О.С. |
| 28 | Өзін-өзі тану | Саметова Зарина | 10Ә | 3-орын | Ракишева Р.С. |
| 29 | | Сәлім Асел | 11Ә | 3-орын | Киршимова Н.К. |
| 30 | | Ондасын Альбина | 9Ә | Грамота | Ракишева Р.С. |
| 31 | Химия | Данияр Жансая | 9А | Грамота | Медет М.Б. |
| 32 | | Байбулат Әлішер | 10Ә | Грамота | Медет М.Б. |
| 33 | | Амангелді Алина | 11А | Грамота | Келдешева Ж.А. |










## Республика, облыс деңгейіндегі негізгі пәндер бойынша олимпиада көрсеткіштері

| Олимпиада атауы | Оқушының аты-жөні | Пәні, нәтижесі | Жылы |
|---|---|---|---|
| **Облыстық** | | | |
| **Облыстық пән олимпидасы** | Теміржан Елжас | География<br>II орын | 2019ж |
| | Шукиров Бекхан | Информатика<br>III орын | 2019ж |
| | Махмутова Айжан | Қазақстан тарихы<br>III орын | 2019ж |
| | Райымбекова Меруерт | Қазақстан тарихы<br>II орын | 2020-2021 о.ж |
| | Хасен Ерұлан | Математика<br>III орын | 2020-2021 о.ж |
| **Жаратылыстану пәндері бойынша Президенттік олимпиада** | Төлеген Жанболат | II орын | 2021-2022 жыл |
| **Республикалық** | | | |
| **Республикалық пән олимпиадалары** | Теміржан Елжас | География, сертификат | 2019ж |
| | Райымбекова Меруерт | Қазақстан тарихы | 2020-2021 о.ж |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сертификат, ата-анасына Білім министрінен Алғыс хат | |
| **Жаратылыстану пәндері бойынша Президенттік олимпиада** | Төлеген Жанболат | Сертификат Ақмола облысы әкімнің Білім Гранты | 2021-2022 о.ж |






*Пән мұғалімдері оқушылардың* танымдық қабілеттерін жетілдіру, білімдерін тереңдету мақсатында әртүрлі интеллектуалдық ойын-конкурстарға, жарыстарға қатысуын ұйымдастырады және түрлі қалаллық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып отырады.

| **Іс –шараның атауы** | **Қатысқан оқушылардың аты жөні, сынып** | **Нәтижелері** | **Жетекшілері** |
|---|---|---|---|
| **Республикалық шығармалар жарысы 2018-2019 оқу жылы** | | | |
| Республикалық "Ардақты ұстазым"атты эссе сайысы | Марал Асель 6А<br>Жугинисов Мұхамеджан 10К<br>Дулат Альмира 5А<br>Берикқалиева Аружан 6А<br>Оспанова Дильназ 6А<br>Бауыржан Жанерке 6А<br>Абилова Арайлым 6А | Іорын<br>Іорын<br>Іорын<br>ІІорын<br>ІІорын<br>ІІорын<br>ІІорын | Ережепова Г.Б<br>Ережепова Г.Б<br>Ережепова Г.Б<br>Ережепова Г.Б<br>Ережепова Г.Б<br>Ережепова Г.Б<br>Ережепова Г.Б |
| **Облыстық шығармалар жарысы 2018-2019 оқу жылы** | | | |
| «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында "Отаныма деген менің бастамам" аттты шығармашылық жобалар байқауы | Амантай Ділназ 8А | ІІІ орын | Аяған Н.А. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жеңіс күніне орай "Жеңіс үшін атама алғыс" атты шығармалар жарысы | Қоржимбай Әлішер 9К | ІІІ орын | Ережепова Г.Б<br>Нурабаева Р.К |
| **Облыстық шығармалар жарысы 2018-2019 оқу жылы** | | | |
| «Менің құқықтарым, менің жауапкершілігім» атты шығарма жарысы | Талапбергенова Асем 11Ә | ІІІ орын | Ракишева Р.С |
| «Тәуелсіз ел жастары» атты шағрма сайысы | Жугенисов Мұхамеджан 10К | І орын | Ережепова Г.Б |
| **Облыстық «Тіл дарын» 2018-2019 оқу жылы** | | | |
| "Тіл дарын " полиглот сайысы | Сабитова Камила 9А | ІІІ орын | Киршимова Н.К<br>Туякова А.Н<br>Жанайдарова Г.А |
| "Тіл дарын " полиглот сайысы | Кенесова Алтынай 10А | ІV орын | Киршимова Н.К<br>Туякова А.Н<br>Жанайдарова Г.А |
| **Облыстық «Абай оқулары» 2020-2021 оқу жылы** | | | |
| Абай оқулары | Марал Әсел, 9А | ІІІ орын | Ережепова Г. Б. |
| **Республикалық Эссе байқауы 2020-2021 оқу жылы** | | | |
| «Адамгершілік – асыл қазына» эссе байқауы | Қожабекова Айбаршын, 9 Ә | І орын | Ракишева Р. С. |
| **Республикалық Мәнерлеп оқу байқауы 2020-2021 оқу жылы** | | | |
| «Шығармашылық мұра» атты М.Мақатаевтың 90 жылдығына арналған қашықтан өткізілген мәнерлеп оқу байқауы | Саметова Зарина, 9 Ә | І орын | Ракишева Р. С. |
| **Қалалық сайыстар 2020-2021 оқу жылы** | | | |
| «Тұлпар мініп, ту алған» қалалық батырлар жырын мәнерлеп жатқа айту сайысы | Дулат Альмира, 7 А<br><br>Бауыржан Жанерке, 8А | Бас жүлде + планшет<br>І орын + планшет | Ережепова Г. Б. |
| «Жас батыр-2021» атты Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған байқау | Амангелді Ақылжан, 5А | І орын | Ережепова Г. Б. |
| Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында «Пою тебе, мой Казахстан!» | Махметова Рахия, 9А | І орын | Ережепова Г. Б. |
| «Жыр жазамын Абайдың үлгісінде» онлайн жас | Хабақай Ажар, 10А | ІІ орын | Ақылбекова С. М. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ақындар байқауы | | | |
| «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» | Хабақай Ажар, 10А | ІІ орын | Ақылбекова С. М. |
| «Ұлылар әлемі» эссе жазу | Нұрназарова Гүлназым, 10А | ІІ орын | Ақылбекова С. М. |
| Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жылдығына орай өткізілген «Жырлайды жүрек» онлайн байқауы | Хакім Ақнұр, 8А | І орын | Жетпысбаева М. А. |
| Тілдер онкүндігіне арналған эссе байқауы | Урустемова Жулдыз, 9Ә | І орын | Галаганова Г А. |
| 2020 жыл қалалық ЖМБ бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқитын мектеп оқушылары мен мұғалімдер арасында ұйымдастырылған «Другой ты!» челлендж/командалық жарыс/ | Қайыржанова Динара Габдулинова Мадина 10А | ІІ орын | Калтенова З. К. |
| **Облыстық сайыстар 2021-2022 оқу жылы** | | | |
| Дүниежүзілік туризм күніне арналған «күзгі жапырақ» байқауы | Серік Наргиз<br><br>9Ә | 1 – орын<br>Туристік ән | Жұмабекова Н.Х<br>Болатов Д.Е |
| | Әбдіқасымова Назерке<br><br>8А | Номинация «Туған өлкенің туристік мүмкіндіктерін насихаттау» | Жұмабекова Н.Х<br>Болатов Д.Е |
| Менің кіші Отаным | Дулат Алмира 8А | Грамота | Аяған Н.А. |
| Ақберен байқауы. Өлеңдер сайысы | Дулат Алмира 8 А | 3-орын | Ережепова Г.Б |
| | Мадиева Амина 8 А | 3-орын | Ережепова Г.Б |
| «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы 5-6 сыныптар арасында ұлттық спорт түрі «Асық ату» жарысы | Сираж Айқын6Ә | 2 – орын | Рахманбердиев А.А. |
| | Ғосман Архат 6Ә | 2 – орын | Рахманбердиев А.А. |
| | Әбілғазы Мансұр 6Ә | 2 – орын | Рахманбердиев А.А. |
| Аймақ аралық Дебат пікір сайысы | Мадиева Амина 8 А | 1 – орын | Аяған Н.А. |
| | Дулат Алмира 8 А | 1 – орын | Аяған Н.А. |
| | Айдарханова Сая 8А | 3 – орын | Аяған Н.А. |
| | Оспанова Лиана | 3 – орын | Аяған Н.А. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Облыстық<br>«Бала би» байқауы | Дулат Альмира 8А | Жыраулар арасында «Үздік жырау» атағын жеңіп алды. | Ережепова Г.Б. |
| “Ұшқыр ой алаңы” атты **облыстық** дебат турнирі | Мадиева Амина<br><br>8-сынып | Сертификат | Аяған Н.А. |
| | Дулат Альмира<br><br>8-сынып | Сертификат | Аяған Н.А. |
| Облыстық Қанипа Бітібаева олимпиадасы | 10-сынып<br><br>Қайролла Ануар<br><br>Республикалық кезеңге жолдама<br><br>жетекшісі Ережепова Г.Б. | **1-орын** | Ережепова Г.Б. |
| | 11-сынып Жұмабай Мерей | 2-орын, | Қазақ тілі – Ақылбекова С.М<br><br>Орыс тілі – Туякова А.Н.<br><br>27Ағылшын тілі – Мухажанов Ж.М. |
| | 10-сынып Жаксылыкова Дильназ | 3-орын | Қазақ тілі – Ракишева Р.С.<br><br>Орыс тілі – Туякова А.Н.<br><br>Ағылшын тілі – Мухажанов Ж.М |
| | 8-сынып Дулат Альмира | 3-орын | Қазақ тілі – Ережепова Г.Б.<br><br>Орыс тілі – Алибаева К.А<br><br>Ағылшын тілі – Темирбаева Т.Х. |
| Республикалық сайыстар 2021-2022 оқу жылы | | | |
| «Бала Дарын» жасөспірімдер | Тұрдыбекова Асем | 1 – орын | Ракишева Р.С. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| байқауы Абай Құнанбайұлының «Күз» өлеңін мәнерлеп оқу байқауы | 10 Ә | | |
| | Жекешева Адина 10Ә | 1 – орын | Ракишева Р.С. |
| XIV Президенттік олимпиада | Төлеген Жанболат 11А | Көкшетау қаласындағы Шоқан Уалиханов атындағы университеттің ГРАНТ иегері | Шаяхметова М<br>Қалтенова З.Қ.<br>Кабжанова Г.Қ<br>Келдешева Ж |
| Шұғыла қоғамдық қоры қолдауымен, Дария орталығы ұйымдастырған «Тұлға болам» кітап оқу байқауы<br>3-кезеңде өтті | Еркінбек Кәусар<br>2Ә | 1200 оқушының араысында 3-кезеңнен өтіп үздік 10 оқушы құрамына енді алғыс хат және велосипедпен марапатталды | Калыкова Г.Е. |

10 Ә – сынып оқушылары Саметова Зарина және Жаксылыкова Дильназ мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық сайыс жеңімпаздары ретінде "Ұлы дала қырандары" атты кітапқа енгізілді.





## Ғылыми-шығармашылық жобалар сайысы

| Жұмыстың атауы | Қатысқан оқушылардың аты- жөні | Нәтижелері | Жетекшілері |
|---|---|---|---|
| **2018-2019 оқу жылы<br>Қалалық «Зерде»** | | | |
| «Ас тұзының құпиялары» | Утегенов Ерасыл 4Б<br>Сарсенбаева Даяна 4Б | II орын | Калыкова Г.Е |
| «Қазақ және шетел мультфильмдернің ерекшеліктері» | Қалиасқар Сезім 1А<br>Келденова Самира 1А | IIорын | Идрисова А.С |
| **2019-2020 оқу жылы<br>Облыстық «Зерде»** | | | |
| «Ас тұзының құпиялары» | Утегенов Ерасыл 4Б<br>Сарсенбаева Даяна 4Б | сертиф | Калыкова Г.Е |
| **2018-2019 оқу жылы<br>Қалалық «ҒПК»** | | | |
| «Білім жүйесіндегі несиенің артықшылықтары» | Жунусов Мағжан 8А<br>Толеген Жанболат 8А | I орын | Шаяхметова М.Н |
| « Особенности заимственных научных терминов и их роль в изучении предметов ЕМЦ на английском языке » | Амангельді Аяжан 10А<br>Шаймерденова Айдана 10А | I орын | Темірбаева Т.Х |
| **2019-2020 оқу жылы<br>Облыстық «ҒПК»** | | | |
| «Білім жүйесіндегі несиенің артықшылықтары» | Жунусов Мағжан 8А<br>Толеген Жанболат 8А | сертиф | Шаяхметова М.Н |
| « Особенности заимственных научных терминов и их роль в изучении предметов ЕМЦ на английском языке » | Амангельді Аяжан 10А<br>Шаймерденова Айдана 10А | II орын | Темірбаева Т.Х |
| **2018-2019 оқу жылы<br>Облыстық «Зерде»** | | | |
| «Раушан гүлінің қыр сырлары» | Турдыбекова Асем 6Б<br>Турдыбекова Анель 2А | II орын | бастауыш сынып мұғалімі Амангельдиева Ш.Х. |
| «Scratch бағдарламалау ортасында анимация құрудың компьютерлік технологиясы » | Ерқанат Ерасыл 5А | II орын | информатика мұғалімі Абилдина А.М |

| | | | |
|---|---|---|---|
| «Гидравликалық жетегі бар роботтар» | Жартаев Тайыр 5К | II орын | физика мұғалімі Калтенова З.К. |
| «Шығыс халықтары мен қазақ халықтарының байырғы ертегілерін салыстыру» | Олжабай Арлан 2А<br>Мағауия Жаннұр 4А | I орын | Амангельдиева Ш.Х. |
| «Логикалық есептің қыр – сырлары» | Насыр Абдумәлік 2Ә<br>Нұрмахан Нұрия 2Ә | II орын | Хуаныш Г |
| **2018-2019 оқу жылы<br>Республикалық** | | | |
| «Шығыс халықтары мен қазақ халықтарының байырғы ертегілерін салыстыру» | Олжабай Арлан 2А<br>Мағауия Жаннұр 4А | III орын | Амангельдиева Ш.Х. |
| **2018-2019 оқу жылы<br>Қалалық «Зерде»** | | | |
| «Күлкі және оның пайдасы» | Советов Шернияз 2А | II орын | Акылбекова С. М. |
| «Қазтамақ гүлі және оның пайдасы» | Кунанбаева Айдана, Еремен Габдулмажид 3Ә | II орын | Идрисова А. С. |
| **2020-2021 оқу жылы<br>Облыстық «Зерде»** | | | |
| «Сиқырлы қағаз» | Оңғар Томирис 2Ә | II орын | Абежанова Н. А. |
| 2021-2022 оқу жылы<br>Қалалық Зерде | | | |
| Петрушки разных народов | Альжан Адия 5А | I орын | Галаганова Г.А |
| 2021-2022 оқу жылы<br>Қалалық ҒПК | | | |
| Способы изучения англиского языка в социалбной сети Instagram | Абдыкасымова Назерке 8А<br>Дулат Альмира 8А | I орын | Темирбаева Т.Х |
| "Әзденбай сал Көтербайұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеу" | Маралтаева Айзада | I орын | Ережепова Г.Б |
| Функция біздің айналамызда | Темирбаева Улжан 9Ә<br>Махмутова Диана 9Ә | II орын | Джалгасов Г.М |
| Тарихи сананы нығайту арқылы бүгінгі діни ағымдардың ықпалын азайту және алдын алу | Бауыржан Жанерке | III орын | Аяған Н.А |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Кәрім Мыңбаев | Төлеутай Райхан | ІІІ орын | Аяған Н.А |









2021-2022 о.ж мектеп-лицей оқушылары түрлі деңгейдегі жетістіктерге ие болды.











## VII.Тәрбие жұмысы

Мектептің тәрбие жұмысы төмендегі нормативтік-құқықтық актілерді негізге ала отырып құрылған:

- ҚР білім және ғылым Заңы;
- Бала құқығы Конвенциясы;
- Мектеп жарғысы

Тәрбие үрдісін іске асыру барысындағы алға қойылған **мақсаты:** «Үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай, жоғары зияткер, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, коммуникативтік және көшбасшылық қасиеттері бар, елінің тағдыры үшін бәсекелестік қабілеті, жауапкершілік сезімі бар, Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын тұлға қалыптастыру».

**Міндеттері**:

- оқушыларды тәрбиелеу мақсатында оқушылардың, педагогикалық ұжымның, ата-аналар, жергілікті қоғамдастықтардың күштерін біріктіру;
- оқушылардың өмірлік құзыреттіліктерін дамытуды оқу үдерісі, қосымша білім алу, сыныптан тыс шаралар, жергілікті қоғамдастықтардың мәселелерін шешу арқылы қамтамасыз ету;
- оқу мен тәрбиені кіріктіру арқылы оқушылардың бойында қазақстандық партиотизмді, қоғамның адами құндылықтарын қалыптастыру;
- азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру;
- рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру; адамгершілік әдептерге байланысты білімдерді оқу, қоғамдық тәртіпке бағынатын, өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыру;
- біртұтас денсаулық сақтау мәдениетін, салауатты өмір салтын сақтау дағдыларын дамыту;
- ақпаратпен жұмыс жасау, коммуникация, өзіменеджментті, сыни тұрғысынан ойлау, зерттеу арқылы зияткерлікті дамыту;
- ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыру;
- өзінің нақты жетістіктерін сынып өміріне белсенді қатысудан тәлімгерлікке жетуде көшбасшылық дағдыларын дамыту.

**Принциптері:**

- барлық сыныптарда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, кешенді жұмыс жүргізу;
- өтпелі кезең құбылыстарын ескере отырып, тәрбие жұмысының түрі мен мазмұнының әр кез өзгеріп отыруын есепке алу;
- ұжымда және ұжым арқылы тәрбие беруді іске асыру;

➢ отбасы тәрбиесі мен мектептегі тәрбиенің үйлесімдік табуына қол жеткізу;

➢ тәрбие жұмысының дамытушылық бағытта болуы;

➢ оқушыларға өзіне сын тұрғысынан қарау түсінігін қалыптастыру;

➢ әңгіме, пікірталас, рөлдік, іскерлік ойындарды тәрбие жұмысында кеңінен пайдалану.

Тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып, мынадай бағыттарда жұмыс атқарылды:

БАҒЫТТАР

- Тәрбие жұмысының басым бағыттары
- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Осы бағыттар және қалалық білім бөлімінің нұсқау еткен кешенді-мақсатты бағдарламалары негізінде келесі КМБ құрастырылады:

➢ қылмыстың және құқықбұзушылықтың алдын алу кешенді-мақсатты бағдарламасы;

➢ нашақорлықтың, маскүнемдіктің және темекі шегудің алдын алуға бағытталған жұмыстың кешенді-мақсатты бағдарламасы;

➢ салауатты өмір салтын қалыптастыру кешенді-мақсатты бағдарламасы;

➢ АҚТВ/ЖҚТБ эпидемиясына қарсы бағытталған алдын алу жұмысының кешенді-мақсатты бағдарламасы;

➢ «Қайнар» БҰ-ның кешенді-мақсатты бағдарламасы.

Мектептегі тәлім-тәрбие берудің әдісі, кешендік-мақсаттық бағдарламаларды іске асырудың бірден-бір жолы, негізгі бағыты сынып сағаттарының дұрыс жоспарланып, ұйымдастырылып өткізілуі болып саналады. 2021-2022 оқу жылындағы оқушылармен жұмыс атқарған сынып жетекшілер:

| Барлығы | Бастауыш буын | Орта буын | Жоғарғы буын |
|---|---|---|---|
| 32 | 12 | 11 | 9 |




Сынып жетекшісінің міндеттерінің көлемі өте ауқымды. Сынып жетекшісі болу – бұл педагогикалық қарым – қатынасты, ынтымақтастықты жүзеге асыру, толыққанды тұлға дамыту.

25 сәуір мен 6 мамыр аралығында мектебімізде сынып жетекшілер онкүндігі жоспарға сәйкес өтті, Жоспар бойынша:

- «Менің мектебім-менің отбасым күні;
- «Мәдени мұра жанашырлары» күні:
- «Ізеттілік» күні:
- «Құндылықтар» күні
- «Менің Отаным – менің отбасым» күні
- «Денсаулық» және «Қауіпсіздік» күні

***«Менің мектебім-менің отбасым күні;***

«Сынып жетекшісі – тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы» тақырыбында сынып жетекшілер онкүндігі мамырдың 6 аралығында өтті. Онкүндік барысында тақырыптық тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел, әскери-спорттық іс-шара, суреттер көрмесі, спорттық ойындар, қауіпсіздік тақырыбында өртке, жолда жүру ережелері, қауіпсіз ғаламтор тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. https://www.instagram.com/p/Ccz4CQQFOFo/

***«Мәдени мұра жанашырлары» күні:***

Ұлы Жеңіске 77 жыл толуына орай, 5-10 сынып оқушылары арасында «Үлгі тұтар батырым» атты суреттер байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар асқан қызығушылық танытып, өте белсенді қатысты. Суреттерді салу барысында оқушылар Ұлы Отан соғысының батырларын, Қазақстан тарихында ойып тұрып, орын алатын қазақ батырларының суреттерін нақышына келтіріп, қағаз беттеріне салды.

Іс–шараға белсенді қатысқан оқушыларды онкүндік аясында тәтті сыйлықтар мен мақтау қағаздарымен марапатталды. Оқушылардың еңбектерін 3 «Б» сыныбының жетекшісі, Ембергенова М.Қ., «Өнерлі оқушы» тақырыбында көрме жасап, оқушылар мен ұстаздар назарына ұсынды.





8-9 кадет сыныбының оқушылары 35-17 әскери бөліміне барып, сарбаздармен додаға түсті. «Жас сарбаз» әскери-спорттық жарысында: автоматты бөлшектеу және жинақтау, оқжараққа оқты жинау, қорғаныс костюмін уақытқа кию бойынша жарысқа түсті. Кадет сыныбы оқушылары әскери жарақтарды үздік жинап, қорғаныс костюмін уақытында киюге, автоматты жылдам жинауға барынша тырысты. Мектеп басшысы Искакова О.С., әскери бөлім басшысымен меморандумға қол қойды. Іс-шара жарысқа қатысушыларды құттықтау мен марапаттарды үлестірумен аяқталды. Сынып жетекшісі Тукенов Д.С., оқушыларды әскери бөлім өмірімен жақынырақ таныстырып, әскери өмірдің қыр-сырымен бөлісті.





*«Ізеттілік» күні:*

5 «А» және 5 «Ә» сыныбы оқушылары «Экология және Біз» атты экологиялық акцияға белсене қатысты. Оқушылар қалалық саябаққа барып, екі топқа бөлініп, жарыс форматында, қоқысты уақытқа жылдам жинаудан жарысқа түсті. Оқушыларға бұндай форматтағы экологиялық акция өте ұнады. Сынып жетекшілері: Жанайдарова Г.А.,. Аяған Ж.К.

Мектеп педагог психологы Мұхамеджанова Д.Ш., 6 сынып оқушыларымен «Бақытты отбасы-зорлық-зомбылықсыз әлем» атты психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында оқушылар өздерінің шынайы ойларымен бөлісіп, толғандыратын сұрақтарына психолог тарыпынан толық жауаптарын алды. Оқушыларға отбасындағы құндылықтардың маңыздылығы айтылып, өмірден алынған нақты ситуациялар беріліп, оларды шешу жолдары талқыланды.

***«Құндылықтар» күні***

«Отбасым-бақыт мекені» шығармалары байқауы тіл мамандарының бастамасымен ұйымдастырылды. Оқушылар отбасы тақырыбында шығармаларын терең оймен, сөз шеберлігін таныта отырып жазды. Қатысқан оқушылардың үздік жұмыстарын әлеуметтік желіде жариялады. Жеңімпаз оқушыларды апталықтың жабылуында мақтау қағаздары мен тәтті сыйлықтармен марапаттады.







10 сынып оқушылары апталықтың алғашқы күндері «Отбасы-адамзат бесігін тербеткен ұя» тақырыбында қабырға газеттерін жариялады. Қабырға газеттерінде отбасы тақырыбына байланысты қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, мағынасы бар суреттер орын алды. Сынып жетекшілері: Туякова А.Н, Махашева А.Ү.



*«Менің Отаным – менің отбасым» күні*

«Өркен» пікірсайыс клубының мүшелері барып, «Қазақстан менің жүрегімде!» атты пікірсайысқа белсене қатысты. Оқушылар өздерінің ораторлық шеберліктерін, сөз саптау өнерін, терең ойлау мүмкіншіліктерін ортаға салып, барынша белсенді қатысты. Оқушылар диплом мен төсбелгілермен марапатталды. Жетекшісі Аяған Н.А.

*«Денсаулық» және «Қауіпсіздік» күні*

2 сынып оқушыларымен Аманжолова Д.М, «Сақтансаң, сақ боларсың!» тақырыбында тәрбие сағаттын өткізді. Оқушыларға тәрбие сағаты барысында жолда жүру ережелерін сақтану, жаяу жүргіншілер жолынан өту ережесі, суда шомылуда қауіпсіздік ережелері және өрт қауіпсіздігі шараларын ұстану бойынша жұмыс жүргізді. Оқушылар қауіпсіздік іс шаралары бойынша түрлі сұрақтарға жауап берді. Тәрбие сағаты барысында оқушылар қауіпсіздік ережелері жөнінде бейне ролик тамашалап, өздерінің қауіпсіздік бойынша ережелер нұсқаулығын жасады.






7 сынып оқушыларының арасында «Қауіпсіз ғаламтор» тақырыбында ашық іс шара ұйымдастырылды. Сынып жетекшілері Ақылбекова С.М., және Абильдина А.М. Іс шара барысында оқушылар ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, ғаламтордың артықшылығы мен кешілігін талқылап, оң деп бағаланатын тұстарын ажыратып, дәлелдей білді. Іс шара өте құнды, тәрбиелік маңызы зор деңгейде өтті.





4 сынып жетекшілері «Өрт тілсіз жау» тақырыбы аясында, оқушылармен қалалық өрт сөндіру мекемесіне саяхат жасады. Өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері, өрт болдырмау жолдары, өрт болған жағдайда қауіпсіздік іс шаралары туралы, өрт мекемесінің ғимараты бойынша экскурссия жасап, балаларды арнайы жабдықталған машинаға отырғызды. Оқушылар өрт сөндіруші мамандығымен жақынырақ танысты.





Талғат Бигельдиновтың 100 жас мерей тойына байланысты, мектебіміздің 8-11 сынып оқушылары арасында футболдан жарыс ұйымдастырылды. Ер балалар спорттық жарысқа өте белсенді қатысты. Жарыста жеңіске жеткен оқушыларды мектеп әкімшілігі  грамотамен марапаттады.





Онкүндікті мектеп лездемесінде жабылуы ұйымдастырылып, жетістікке жеткен оқушылар мен сыныптарды мақтау қағаздарымен марапаттап, оқушыларға шағын сыйлықтар жасалды.

«Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – мектептің тәрбие ісіндегі ең маңызды бағыт» тақырыбында ТІЖО қалалық семинар өткізілді. Семинар мақсаты мектептің тәрбие ісіндегі ең маңызды бағыты оқушыларды ұлттық құндылықтарды ұлықтауға үйрету маңызды екендігін көрсету. Семинар мектеп педагог-психологі Мухамеджанова Д.Ш. «Сиқырлы қобдиша» атты тренингнен басталды. Мектебіміздің тәжірибелі сынып жетекшілері өздерінің сынып сағаттарын жоғары деңгейде өткізді. Базарбекова А.К. «Менің таңдауым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты болып өтті. Сабақ барысында kahoot және jamboard платформаларын пайдалана отырып, сынып сағатына инновациялық технологияларды енгізді.

Амангельдиева Ш.Х. «Отан – отбасынан басталады» атты сыныптан тыс іс-шарасы сынып жетекшісінің оқушылар және ата-аналармен жұмыс істеу, олармен тіл табыса білуі тәрбие процесінің маңызды бөлігі екендігін көрсетті.
Мектептің ТІЖО Жанаидарова Г.А. мен Ембергенова М.К. «Медиатордың көмегімен даулы мәселелерді шешу» атты мастер класс өткізді. Мастер класс мектеп тәрбие процесіндегі ең күрделі жағдайларданда шыға білудің қыр-сырымен бөлісті.

Семинар барысында «Шебер қолдар» үйірмесінің жетекшілері Жамбулова А.К. мен Жантурин Е.С. жұмыстарын көрсетіп, қонақтарға оқушылар қолымен жасалған естелік сыйлықтарын табыстады. Домбыра үйірмесі қонақтарға өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар, қонақтарды семинарда Калтенова З.К. мен Аяған Н.А. мектебімізде желтоқсан айында ашылған мектеп мұражайымен таныстырып өтті және мектепте жұмыс істеп жатқан спорт секцияларының жұмысы көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейінде «Мектеп тарихы» атты мұражай ашылды. «Мектеп тарихы» атты мектеп мұражайының басты мақсаты - мұражайдағы тарихи құжаттар мен жәдігерлер арқылы жас ұрпақты туған елге,туған жерге өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелей отырып, білім ордасындағы аға ұрпақ ұстаздардың өнегелі,абзал істерін үлгі ету, мектептің оқу-тәрбие қызметіндегі бай тарихын

насихаттау, түлектердің жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау, олардың өлке тарихына қызығушылығын арттыру.

 




Мұражайда мектептің тарихы мен оқу-тәрбие қызметін баяндайтын, осы мектепте еңбек еткен барлық ұстаздар мен мектептен түлеп ұшқан мыңдаған түлектері туралы мәлімет беретін, олардың осы білім ордасындағы қызметтері туралы естелік-сыр шертетін жазба жәдігерлер, фотоматериалдар, баспасөз жариялымдары жинақталған. Мұражайдың салтанатты ашылуына Степногроск қаласының әкімінің орынбасары Абилова Г.М, қазақ мектебінің ашылуына үлесін қосқан, сол кездегі қала әкімі қызметін атқарған Қойшыбаев М.С, облыстық маслихат депутаты және ТОО «Дәрігер +» басшысы Наурызбаева Б.Н және мектебіміздің ардагер ұстаздары қатысты.

### *Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру*

Мектеп оқушыларының тәрбие үрдісінде, олардың бос уақытының дұрыс ұйымдастырылғанында, балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуында, олардың кәсіптік бағыт-бағдар алуында және өмірде бейімделуінде мектептегіүйірмелер мен секциялардың орны ерекше. Мектебіміздегі үйірмелер мен секцияларға:




Мектептің тәрбие жүйесінің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы көптеген объективтік және субъективтік факторлардың ықпалымен жүретін ұзақ мерзімді және күрделі процесс болып табылады. Сонымен қатар ол оқу орнының қызметі мен айналадағы әлеуметтік ортаға мәнді өзгерістер ендіреді. Оның нәтижесі көп жағдайда мектеп өмірінде нені, қалай қашан өзгерту қажетігін анықтай білуге байланысты. Қателеспес үшін ең алдымен оқу орнының бүгінгі жағдайы мен келешектегі бейнесін нақты елестете болжай білу өте маңызды.

Мектеп оқушылары тек мектепшілік үйірмелерге ғана емес, сонымен қатар қалалық мекемелерде ұйымдастырылатын үйірмелерге де, белсенді қатысады. Оқушылардың бұл мекемелерге үйірмеге қатысуы, жылдан-жылға өсіп, қатарлары көбеюде. Оқушылардың бос уақыты тиімді ұйымдастырылуы, құқықбұзушылықтың алдын-алудың бірден бір маңызды, әрі тиімді жолы.

Соңғы үш жылды салыстырғанда, қосымша білім алу мекемелері мен мектепшілік үйірмелерге қатысатын оқушылардың саны өскен. Нәтижесінде білім алушылар қалалық, облыстық, Республикалық деңгейде түрлі сайыстар мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Биылғы оқу жылы, қосымша білім алуда балалардың санының өсуінің негізгі мәселесі, үйірмелердің мемлекет тарапынан қаржылай төленуі және тегін форматта өткізілуіне байланысты.

Қосымша білім алу арқылы, кейбір мектеп түлектері, болашақ мамандықтарымен байланыстыруда. Демек, қосымша білім алу, тәрбие саласының басты факторы.

Әрбір мектеп қабырғасында өткізілетін үйірменің уақыты, балалардың тізімі, жоспары жыл басында мектеп әкімшілігімен бекітіледі және жыл бойы оқу процесінде кезекші әкімшілікпен уақытылы өтуі, сапалы өткізілуі бақылауда болады.

**Мектеп оқушыларының қосымша білім алу мекемелеріне қатысу үлесі**

| Мектептен тыс мекемелер | 2019-2020 оқу жылы | 2020-2021 оқу жылы | 2021-2022 оқу жылы |
|---|---|---|---|
| БШМ (шығармашылық мектеп) | 8% | 9% | 11% |
| БММ (музыка мектебі) | 8.2% | 10 % | 11,3% |
| БКМ (көркемөнер мектебі) | 7.1% | 8.1% | 9% |
| БЖСМ | 15,9% | 16 % | 17% |
| «Батыр» БЖК | 18% | 19 % | 21% |
| «Горняк» МҮ | 5.3% | 6.3% | 8% |
| «Мирас» МҮ | 10% | 11,3 % | 12% |
| Бассейн | 10% | 12 % | 13% |



Мектеп оқушылары тек қосымша білім беру мекемелеріне ғана емес, сонымен қатар мектептегі үйірмелер мен спорт секцияларына белсенді қатысып, нәтижелерін көрсетуде. Төмендегі кестелерде оқушылардың үйірмелер мен спорт секцияларына қатысуының нәтижелері көрсетілген.

***Мектептің және мектептен тыс спорт үйірмелері мен секцияларына қатысатын оқушылардың нәтижелері***




| № | Іс-шара атауы | Қатысқан оқушылар | Нәтиже |
|---|---|---|---|
| **Қалалық деңгей** | | | |
| **1** | Қалалық Абай оқулары байқауы | Абдыкасымова Назерке 8А | 3 – орын |
| **2** | Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім | Амангелді Айбек 10Ә | 2-орын |
| **3** | Бала тілі бал | Дүйсенбаева Жансезім, 4 Ә | 2-орын |
| **4** | Пою тебе, мой Казахстан | Асықпай Қарақат 8А | 2-орын |
| **5** | Отношение к языку-по сути есть отношение к старне | Урустемова Ж 10 Ә | 1-орын |
| **6** | | Каиржанова Д 11А | 2-орын |
| **7** | Тілімізге деген көзқарас-елімізге деген көзқарас | Баймұратова Аяжан 11Ә | 1-орын |
| **8** | Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30жылдығына арналған, футболдан турнир | Еремен Данияр Амирхан Алмас Кушкинбаев Даниал Құдайберген Дамир | 1-орын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сайлаубай Айбар<br>Оразалы Ислам<br>8 К<br>9 К | |
| **9** | Менің тілім – ғажап тіл | Кәріпжан Жания<br>10 Ә | 3-орын |
| **10** | Қалалық шығармалар байқауы | Ауелбеков Санжар<br>9Ә | 3-орын |
| **11** | Менің кіші Отаным | Дулат Алмира<br>8А | 1-орын |
| **12** | Дебат сайысы | Дулат Алмира<br>Мадиева Амина<br>8 А | 1-орын |
| **13** | Тоғызқұмалақ.<br>Ұлттық мектеп лигасы | 8А<br>Төлеутай Райхан<br>Дулат Алмира<br>Мағауия Жаннұр<br>Мадиева Амина | 1-орын |
| **14** | ҚР тәуелсіздігінің 30-жылдығын мерекелек аясында 5-6 сыныптар арасында «Бес асық» жарысы | Алматова Балауса<br>5Ә | 3 – орын |
| **15** | ҚР тәуелсіздігінің 30-жылдығын мерекелек аясында 5-6 сыныптар арасында «Бес асық» жарысы | Әбілғазы Мансұр | 1 – орын |
| **16** | ҚР тәуелсіздігінің 30-жылдығын мерекелек аясында 5-6 сыныптар арасында «Бес асық» жарысы | Ғосман Архат<br>6Ә | 1 – орын |
| **17** | ҚР тәуелсіздігінің 30-жылдығын мерекелек аясында 5-6 сыныптар арасында «Бес асық» жарысы | Әбілғазы Дидар<br>6Ә | 1 – орын |
| **18** | Шахмат | Мадиева Амина 8 А | 1 – орын |
| **19** | Қазақстан республикасының 30 жылдығына арналған 9-11 сыныптар арасындағы волейболдан жарыс | Даулбаев Темірлан<br>Рахимов Хамит<br>Ибрахимов Алихан<br>Еремен Данияр<br>Қайрулла Ануар<br>Юнус Сағадат<br>Ауелбеков Санжар<br>Уахит Бексултан | 2 – орын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 9 сыныптар | |
| **20** | Қазақстан республикасының 30 жылдығы аясында Тәуелсіздік ұрпақтары атты қалалық фестиваль | Хакім Ақнұр<br>9 А | Лауреат |
| **21** | Қазақстан республикасының 30 жылдығына арналған 9-11 сыныптар арасындағы Үстел теннисі жарыс | Темірболатова Жансұлу<br>Нұрзат Жәния<br>Жекібай Нұралы<br>Камбилов Бекжан<br>Ғалы Жанерке<br>8 сыныптар | 3 – орын |
| **22** | «Ахмет Байтұрсынұлы – Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында дөңгелек үстел | Бота Ақжарқын<br>Дулат Альмира<br>Абдыкасымаова Назерке | АЛҒЫС ХАТ |
| **23** | КСРО спорт шебері шахмат ардагері –В.М.Балыконы еске алу аясында ұйымдастырылған шахмат турнир | Жүсіп Аяулым 3Ә<br>Оңғар Томирис 4Ә<br>Баянбай Ернұр 4А<br>Бота Айсұлу 7А<br>Нурзат Жания 8Б | 1-орын |
| **24** | Колледждер арасында өткізілген ШАХМАТ жарысы | Жүсіп Аяулым 3А<br>Оңғар Томирис 3Ә<br>Абикенова Альбина 7А | 1-орын<br>2-орын<br>2-орын |
| **25** | Патриоттық әндер байқауы | Амангелді Ақылжан 6А | 1-орын |
| **26** | Патриоттық әндер байқауы | Мадиева Амина 8А | 2-орын |
| **27** | Махамбет, Абай оқулары | Қарауылбекова Амина 8Ә | 2-орын |
| **28** | Махамбет, Абай оқулары | Хакім Ақнұр 9А | 1-орын |
| **29** | Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне 30 жыл. Әскери бөлім 35/17 әскери-спорттық іс шара | Аманбай Тамерлан<br>Лұқманов Алихан<br>Кушкинбаев Даниал<br>Еременов Даниал<br>Назымбеков Назерлан<br>Мирбабаев Мамуржан | 1-орын<br>2-орын<br>2-орын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Каиров Нурсултан<br>9К | |
| **30** | Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне 30 жыл. Әскери қорғаныс бөлімі әскери-спорттық іс шара | Аманбай Тамерлан<br>Лұқманов Алихан<br>Кушкинбаев Даниал<br>Еременов Даниал<br>Назымбеков Назерлан<br>Мирбабаев Мамуржан<br>Каиров Нурсултан<br>9К | 1-орын |
| **31** | Қаныш Сәтбаев туралы естелік сайыс | Бота Айсұлу<br>Сахиева Әсем<br>8 Ә | 2-орын |
| **32** | Дарынды оқушылар шеруі | Байназарова Аяжан<br>11Ә<br>Маралтаева Айзада<br>Амангелді Ақылжан<br>6А | Диплом ББ |
| **33** | Әбіш оқулары | Амангелді Әлем | 2-орын |
| **34** | Әбіш оқулары | Нұрназарова Гүлназым | 1-орын |
| **35** | Әбіш оқулары | Сайрат Нұрқисса | 2-орын |
| **36** | Әбіш оқулары | Маралтаева Айзада | 3-орын |
| **37** | Әбіш оқулары | Ержанова Фариза | 2-орын |
| **38** | Мәшһүр Жүсіп оқулары | Айкимбаева Әлем<br>11Ә | 1-орын |
| **39** | Мәшһүр Жүсіп оқулары | Тилеген Темірлан<br>10Ә | 2-орын |
| **40** | Қазақ аруы байқау | Хакім Ақнұр<br>9А | 2-орын |
| **41** | Наурыз мерекесі волейболдан жарыс | Қабдолла Самир<br>Сағидолла Санжар<br>Жумабаев Расул<br>Сағидолла Арлан<br>Жүсіпбек Расул<br>Хамет Жантөре<br>Зейнелкабиден Алдияр<br>Асықбай Ерсұлтан | 1-орын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **42** | Тәуелсіздікке 30 жыл волейболдан жарыс | Серік Заит<br>Қазис Әдңлхан<br>Баянбай Ернұр<br>Досанұлы Рамазан<br>Сағидолла Санжар<br>Зейнелкабиден Алдияр | 2-орын |
| **43** | Тәуелсіздікке 30 жыл волейболдан жарыс | 9-11 сыныптар | 2-орын |
| **44** | Наурыз мерекесі волейболдан жарыс | Қабдолла Самир<br>Сағидолла Санжар<br>Жумабаев Расул<br>Сағидолла Арлан<br>Жүсіпбек Расул<br>Хамет Жантөре<br>Зейнелкабиден Алдияр<br>Асықбай Ерсұлтан | 1-орын |
| **45** | «Степногорсктың ашық аспаны»<br>фестиваль | «Қайнар»БҰ | 2-орын |
| **46** | «Жастар дауысы» фестиваль | «Қайнар»БҰ | Гран при |
| **47** | «Жырым сенсің Қазақстан» байқау | Асықбай Қарақат<br>Амангелді Айбек<br>Кәрібжан Жания<br>Алимхан Жанерке<br>Саметова Зарина<br>Абдухалибеков Жанболат | 2-орын |
| | **Облыстық деңгей** | | |
| **1** | Аймақтық пікірталас | Өркен клубы<br>8А | 3-орын |
| **2** | «Күзгі жапырақ» туристік байқау | Серік Наргиз<br>9Ә | 1-орын |
| **3** | "Туған өлкенің туристік мүмкіндіктерін насихаттау" | Абдыкасымова Назерке<br>8А | Ең үздік жұмыс |
| **4** | "Өз өлкесінің туристік нысандары бойынша үздік аңыз" | Дулат Альмира<br>8А | Сертификат |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **5** | «Қазақстан балалары кино әлемінде»<br>байқау | Абдыкасымова Назерке<br>8А | 1-орын |
| **6** | «Қазақстан балалары кино әлемінде»<br>байқау | Әуелбеков Санжар<br>9Ә | Сертификат |
| **7** | «Бала би» байқау | Дулат Альмира<br>8А | Үздік жырау |
| **8** | «Ақберен» ақындар айтысы байқауы | Мадиева Амина<br>8А | 3-орын |
| **9** | Ақындар мүшайрасы | Дулат Альмира<br>8А | 3—орын |
| **10** | Облыстық турнир «Болашақ» сарайының<br>салтанатты ашылуы | Қабдолла Самир<br>Сағидолла Санжар<br>Жумабаев Расул<br>Сағидолла Арлан<br>Жүсіпбек Расул<br>Хамет Жантөре<br>Зейнелкабиден Алдияр<br>Асықбай Ерсұлтан | 4-орын |
| **11** | «Асық ату» жарыс | Ғосман Архат<br>Әбілғазы Мансұр<br>Сираж Айқын | 2-орын |
| | **Республикалық деңгей** | | |
| **1** | «Бала дарын» байқауы | Тұрдыбекова Әсем<br>10Ә | 1-орын |
| **2** | «Бала дарын» байқауы | Жекешова Адина<br>10Ә | 1-орын |
| **3** | «Қысқаметражды фильм»<br>байқау<br>Рестарт жобасы | «Қайнар»БҰ | 2-орын |

***Құқық бұзушылықтың алдын алу***

Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу жұмыстары мектебімізде жүйелі түрде өткізіледі. Оқу жылының басынан әр сынып жетекші - оқушылардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін бақылап, олардың мінезіндегі ауытқушылықты, көңіл-күйіндегі өзгерістерді бақылайды. Оқушылардың қабілетін, қызығушылығын және жеке басының ерекшеліктерін зерттеп біледі. Осы зерттеулері негізінде ол әр оқушының жан-дүниесін ашатын жол табады.

Сынып жетекшілері өз оқушыларымен «Кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігі», «Құқықтық мәдениет әлемінде», «Ер жету – өз қылықтарына жауап бере білу», «Менің тағдырым-менің қолымда» және тағы басқа тақырыптарда танымдық, ізденімпаздық сынып сағаттарын өткізеді. Қыркүйек айында сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің отырысында «Тәртібі жағымсыз оқушылармен жұмыс істеуде тәрбие берудің жаңа технологиялары» тақырыбы талқыланды.

7-9 сынып оқушылары арасында «Жасөспірімдердің жауапкершілігі» тақырыбында тренингтер өткізілді. Мектеп психологы Мухамеджанова Д.Ш. ата-аналарға арналған «Бала тәрбиесі үшін отбасының жауапкершілігі» тақырыбында психологиялық кеңестер жұмысын ұйымдастырды.

Тәрбие ісі орынбасарларының ұйымдастыруымен құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша сынып жетекшілермен отырыс кеңесі, заң қызметкерлерімен «Менің аға полиция қызметкерім» акциясы, жастар ресурстық орталығымен жыныстық қолсұғушылықтың алдын алу мақсатында дәрістер, қалалық ІІБ жасөспірімдер ісі бойынша аға инспекторларымен дәрістер,кездесулер жыл аралығында бірнеше мәрте ұйымдастырылып отырды.





Өзіне -өзі қол салудың алдын алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарымен жұмыстар жоспарға сай, мектеп психологымен үнемі жұмыстар жүргізіледі. Мектебімізде ата-аналар жиналысы өткізіліп, өзіне- өзі қол салудың алдын алу мақсатында мағыналы бейнероликтер көрсетіліп, ақпараттар, кеңес ретінде ақпараттық хабарламалар берілді.

Қараша айының басында «Менің құқықтарым және міндеттерім» туралы сауалнама өткізілді.




Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында жоспар бойынша мектеп оқушыларымен директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары Жанаидарова Г.А., Ембергенова М.Қ. «Вейп денсаулыққа қауіпті» кеңес, «Құқықтық сауаттылық-заман талабы», «Діни экстремизмнің алдын-алу және жастарды имандылыққа тәрбиелеу» атты рухани танымдық кеш өткізді.

Жоғарғы сынып оқушыларымен қалалық мешіт имамы, теолог маман Аубакиров Медет жылын 3 рет кеңес беріп, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында дәрістер ұйымдастырылды. Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстану бағыты бойынша және зиянды әдеттерден аулақ болу мақсатында мектеп психологы Мұхамеджанова Д.Ш жәәне тәрбие орынбасарларымен «Жүктіліктің алдын алу», «Вейп ғасыр кесірі», «Улы заттан сақ бол!» тақырыптарында құнды мағлұматтардан құрылған дәрістер өткізілді. https://www.instagram.com/p/CXS70JYsCWz/.





Мектептің медицина қызметкерімен, әлеуметтік педагогтың қатысуымен «Баланың ағзасына улы заттар мен есірткінің зияны» туралы әңгіме жүргізілді. Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әдеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратының ескертілді. Есірткі, ішімдік және темекенің ағзаға тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптары, адам ағзасына теріс әсері туралы айтылды. «Зиянды заттардың алдын алу» туралы слайдтар көрсетілді.

 

Дәріс барысында есірткінің зияны туралы бейнероликтер көрсетіліп, оқушылардың сұрақтарына жауап берілді. Салауатты өмір салтына шақыратын ұлдар арасында тартылу,қыздар арасында үстел теннисінен және оқушылар арасында волейбол, баскетбол достық кездесулерді дене шынықтыру мұғалімдері үнемі өткізіп отырады.
https://www.instagram.com/p/CXjOMstMSA6/
https://www.instagram.com/p/CXiNQ1pMfNg/ «Қыз бала-ұлттың ұяты» атты жоғарғы сынып қыздары арасында, қыз балалардың тәрбиесін насихаттау мақсатында, ашық іс-шара өткізілді. «Ас адамның арқауы», «Ас атасы-нан», «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі», «Ұрлық түбі қорлық», «Біреудің өмірі мен денсаулығына нұқсан келтірме!» атты сынып сағаттары өтті. https://www.instagram.com/p/CXbh02_sBI0/

Жоғары сынып оқушыларынан нашақорлық тақырыбына құрастырылған сауалнамалар алынды. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасында тыйым салынған синтетикалық препараттарды «Спайс», «Тұз» және басқа аналогтарды пайдаланудың салдары», «Вейп қауіпті зат» тақырыбында ата- аналармен зум платформасында жиналыстар өткізілді.

Мектебімізде жыныстық тиіспеушілік, ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында 8-11 сынып қыздары арасында 19 қазан күні кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу және отбасын жоспарлау туралы репродуктивті сауаттылықты жоғарылату жөнінде « Қыздар арасында » атты кездесу болып өтті. Жанаидарова Г.А. жастықтың дәмін татпай жатып, зарын тартатын жас буын өкілдеріне керек емес жүктіліктің болашағына, денсаулығына тигізер кері әсері туралы толыққанды мәлімет берді. Ерте жастағы жүктіліктің ең алдымен денсаулығына кесірін тигізсе, болашағына балта шабатыны турасында ұғынықты етіп түсіндірді. Сонымен бірге, жұқпалы инфекциялардың түрлері, оларды жұқтырудың жолдары, салдары да тереңнен қозғалып, бейне роликтер легі көрсетілді.

Өзіне -өзі қол салудың алдын алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарымен жұмыстар жоспарға сай, мектеп психологымен үнемі жұмыстар жүргізіледі. Мектебімізде ата-аналар жиналысы өткізіліп, өзіне- өзі қол салудың алдын алу мақсатында мағыналы бейнероликтер көрсетіліп, ақпараттар, кеңес ретінде ақпараттық хабарламалар берілді.

Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Мектебімізде оқу жылының басында «Білім туралы» Заңының 8- бабы 2-тармақшасына сәйкес ақша жинауға жол бермеу мақсатында «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражат жинауға тиым салу туралы» бұйрығы шығарылып, ұжыммен таныстырылды. Қараша айында сыбайлас жемқорлыққа байланысты жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Мектеп Искакова О.С. педагогикалық ұжыммен «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында жиналыс өткізді. Оқушылармен сынып жетекшілер «Жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында жиналыс өткізіп, жемқорлыққа арналған заңның орындалуын қадағалау туралы айтып өтті. «Сыбайлас жемқорлықпен күрес -- бүкілхалықтық іс!» тақырыбында дебат, https://www.instagram.com/p/CXwqRYHMTcp/ . «Заң талабы заман талабы» атты тақырыпта тәрбие сағаттары өткізілді. Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады. Білім беру ұйымдарында ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрады. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Барлық білім беру мекемелерінде жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Желтоқсан айында «Қоғамның ғасырлық адамгершілік ұстанымы» және ҚР Тәуелсіздігіне байланысты сынып сағаттары өткізілді. Оқушылармен қысқы демалыс және жаңа жылдық мерекелер кезінде қауіпсіздік ережелері туралы әңгіме жүргізіліп, әр сынып жетекшісі өз сыныбындағы оқушыларды қауіпсіздік техникасымен таныстырды. Қыркүйек айының 17-і күні «Түнгі қаладағы балалар» мектебіміздің денешынықтыру мұғалімі Ауғалиев Е. Б пен технология мұғалімі Жантурин Е.С, желтоқсан айының 29-ы күні дене шынықтыру пәні мұғалімдері: Каирбеков А.Ш., Жантурин Е.С. және графика және жобалау пәні мұғалімі Ементаев Т.Т кезекшілікке қатысты. Кезекшілік барысында мұғалімдер сауда үйлері, компьютер клубтары, мейрамханаларды,жертөлелерді аралады, рейд барысында түнгі қалада жүрген оқушылар анықталған жоқ.

Мектеп пен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылуымыз керек. Құқықтық сауатсыздық, яғни өз құқы мен міндетін білмей, басқаның құқын сыйламаудың кесірінен көптеген келеңсіз жағдайларға кезігіп отырады. Осы орайда оқушылардың ата-аналарымен де үздіксіз жұмыс жүргізіліп отырылады. Сонымен қатар құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу тақырыптары жалпымектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстарында «Жасөспірімдер арасында тәртіп бұзудың алдын алу

жұмыстарының тиімділігін арттыру», «Заңды орындау тәртібін отбасында қалыптастыру», «Бала тәрбиесі үшін отбасының жауапкершілігі», «Балалардың ер жетуі, оның қылықтарының да үлкеюі», «Құқық бұзу – қоғамға жат қылық», «Ата-ана махаббаты» деген әңгімелер, баяндамалар мен тренингтер арқылы кеңінен ашылып, талданады. https://www.instagram.com/p/CXS8bYAs8qs/

**Мектепішілік және ІІБ бақылауда тұрған оқушылар жоқ.**

| Есеп түрі | 2019-2020 оқу жылы | 2020-2021 оқу жылы | 2021-2022 оқу жылы |
|---|---|---|---|
| Қалалық ішкі істер бөлімі | 0 | 0 | 0 |
| Мектепішілік есепте | 0 | 0 | 0 |
| «Қауіп» тобы | 0 | 0 | 0 |
| Оқушылар жасаған, қатысқан құқықбұзушылық | 0 | 0 | 0 |

Осы жұмыстардың және «Отбасы-мектеп» бірлестігінің ұйымдастырылған жұмысының нәтижесінде біздің мектеп-лицейі бойынша қалалық Ішкі Істер тізімдеріне тіркелген оқушы жоқ.

### *Кәсіптік бағдар беру жұмысының жүйесі*

Кәсіптік бағдар беру дегеніміз педагогтардың, психологтардың, дәрігер лердің
және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушы ның қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қа білеттілігін қалыптастыруға
және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмыс. Біздің мектебімізде кәсіптік бағдар беру аясында көптеген жұмыстар жүргізіледі.





Кәсіптік бағдар беру мақсатында соңғы үш жыл қатарымен, мектеп оқушылары Тау-кен техникалық колледжінен мамандықтар мен оқуға түсудің жолдары жайлы толық мәлімет алып отырады. Негізгі мектепті аяқтап, тау-кен саласына мектеп оқушылары арасынан таңдап, оқуға түсіп және қазіргі таңда өз мамандықтары бойынша қызмет жасап жүргендердің саны, жылдан – жылға өсіп келеді.





Мектебімізде қызмет жасап жүрген ұстаздарымыздың басым көпшілігі Көкшетау қаласының Абай Мырзахметов атындағы университетінің магистратура бөлімінде білім алуда,сонымен қатар аталмыш университеттің түлектері де баршылық. Биылғы оқу жылы университет өкілдерімен 11 сынып оқушылары кездесті.Мектеп әкімшілігі биылғы оқу жылы «кадрлар жәрмеңкесі» іс шарасына қатысты.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында мектеп түлектерімен Нұр-сұлтан қаласының Қазақ ұлттық технология және бизнес университетінің өкілдері кездесіп, мамандықтар түрлері, абитуриенттерге арналған жатақхана, оқуға

түсуде қарастырылатын жеңілдіктер мен оқуға түсудің қыр-сыры туралы маңызды ақпарат берді.

Кәсіптік бағдар беру тек колледж, университет өкілдерімен кездесу және ақпарат берумен ғана шектеліп қоймайды. Оқушылар бастауыш сынып табалдырығынан бастап, өздерінің мамандық таңдау қаншалықты маңызды және өте қажет екенін, кішкентай кезінен бастап мамандықтардың қыр сырымен, ата аналарының жұмыс орындарына бару арқылы, жақынырақ танысады.






Сонымен қатар мектебімізде жыл сайын дәстүрге айналған, іс шарамыздың бірі, ол мектебімізді бітіріп, жоғарғы оқу орнында оқып жүрген студенттерімізбен жүздесу. Студенттік өмірдің қызықты шақтарымен бөлісу және оқып жүрген оқу орнымен толыққанды таныстыра кету.




Мамандық таңдауда оқушыларға дұрыс кәсіптік бағдар беруге көп септігін тигізетін маман, ол мектеп педагог-психологы. Оқушылармен түрлі сауалнамалар алынып, олардың нәтижелеріне сараптама жасалынады. Оқушылар Кәсіп тест сауалнамасына жылына бір рет өтеді. Бұл сауалнама оқушының қай мамандыққа бейімділігін, қандай пәндерге мүмкіншілігі басым екенін нақты көрсетеді. Оқушылар кәсіптік бағдарда, педагог психологқа өздерінің шынайы қай маман иесі болатындығын ашылып айта алады.





Қаламыздың мектепаралық оқу өндірістік комбинаты бірнеше бағыттар және кәсіби мамандықтар бойынша жұмыс жасайды. Бұл біздің оқушыларымыз үшін, үлкен мүмкіндік. МОӨК-та психология, өзін-өзі басқару, тәлімгерлік,к өлік жүргізу,робототехника үйірмелері бойынша үйірмелер жұмысын жасайды. Оқушылар екі жыл ішінде өздерінің таңдаған салалары бойынша құнды дүниелерді үйреніп шығатыны сөзсіз.





Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын ұнатпау, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады.

Сол себепті кәсіптік бағдарды дамыту жоспарына мына пункттерді енгіздік:

- Кәсіптік бағдар беру кеңесін құру
- Мектеп оқушыларының кәсіби бағдар берудегі қалалық өндіріс пен әрекеттестігі (кездесу және экскурсия);

- Сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру туралы мұғалімдерге жеке кеңестер беру;
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты сынып сағаттарының тақырыптарын анықтауға көмек көрсету;
- Жеке тұлғаның бағытталған кәсіби бағдарлаудың тиісті әдістері бойынша мансаптық тестілеу (Холланд, құндылықтарды бағалау). 7-сынып;
- Жоғары оқу орындары мен колледжердегі ашық есік күніне қатысу;
    - «Топтарды кәсіптік бағыт беру алдындағы дайындықты оқытуды ұйымдастыру» (7-9 сыныптар )
- Жұмыс және оқу орындарының жәрмеңкесіне қатысу

***Мектепшілік қамқоршылық кеңестің жұмысын іске асыру***

Әр жаңа оқу жылы қамқоршылық кеңестің отырысы өтіп, жылдық жоспары жоспары жасалады, Қамқоршылық кеңестің төрағасымен бекітіледі. Қамқоршылық кеңес құрамы үш жылда бір рет өзгертіліп отырады. Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне 9 адам кіреді.
Қамқоршылық кеңестің кезекті хаттамалары, қабылданған шешім нәтижелері. Қамқоршылық кеңестің отырысының хаттамаларын, белгілі, тағайындалған хатшы жасайды.





**Қамқоршылық кеңестің жұмысының нәтижелері:**

Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке балалардың бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында әр жыл сайын 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізіледі.










Мектеп қабырғасында үнемі қамқоршылық кеңес мүшелігі және ата-аналар төрайымдарымен бірлесіп, қайырымдылық жәрмеңкелері, одан түскен қаржыны «Адал ұрпақ» клубының мүшелері санап, ақшадай түскен қаражат қорына азқамтылған отбасындағы оқушыларға киім-кешек, азық-түлікпен үнемі көмек жасалынуда.Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыларға, көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған отбасыларға демеуші Рамазанов Дархан 700.000 (жеті жүз мың) теңге ақшалай көмек көрсетті (28 балаға). Әр балаға 25 мың теңгеден ақшалай көмек берілді. Көмек алған отбасылар өздерінің алғыстарын айтып ризашылықтарын білдірді. Степногорск қаласының мешіті ұжымы тарапынан 10 балаға мектеп сөмкесі құрал-жабдықтарымен берілді.

Қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналар жиналысы, әкелермен жұмыс, аналармен жұмыс үздіксіз жүргізіледі. Ашық есік күндері әлеуметтік маңызы бар, мектеп және тәрбие үрдісінде маңызды рөл атқаратын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің қатысуларымен өтеді.





2021 жылдың Рамазан айы сәуірде демеушілер көпбалалы және аз қамтылған отбасына (Балтабаева Б.Т., Кусниденова С, Магауиенова Ш. К) 40000 (қырық мың) теңге ақшалай көмек берілді. 2021 жылдың наурыз айында үйде оқитын мүгедек оқушыларға әр үйге кіріп азық-түліктер, тәтті сыйлықтар берілді. 2021 жылдың « 1наурыз алғыс айту» күні көпбалалы

отбасынан шыққан оқушыға демеуші  Махашева А.У  10000 (он мың) теңгені құрайтын аяқ киім және 5000 (бес мың) теңге ақшалай көмек көрсетті. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыға демеуші Искакова О.С. 10000 (он мың)  теңге  ақшалай көмек көрсеті.

Кеңестің мүшелері мектепшілік қоғамдық өмірде, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға, әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға атсалысады. Атап айтсақ, атаулы іс-шаралар Балалар күні, Отан қорғаушылар күні, мектеп мұражайының ашылуына демеушілерді ұйымдастыруға атсалысу, Наурыз мерекесін ұйымдастыру,Жаңа жыл мерекесі, қайырымдылық акциялары.


ДЕМЕУШІЛЕРГЕ АЛҒЫС АЙТАМЫЗ



Даму жоспары: Қамқоршылық кеңестің даму жоспарының алға қойған жоспары, мектепті кеңейту, мектеп территориясына қосымша ғимарат салынуын жоспарлау, қажетті құжаттарды дайындап, ата-аналар тарапынан қолдау хат алып, құрлыс саласына барынша өз тараптарынан жұмыс жүргізу. Сонымен қатар, алдағы уақытта мектеп өміріне байланысты маңызды сұрақтарды бірлесіп жүзеге асыру.

## Ата-аналармен жұмыс

Әрине,  оқу-тәрбие үрдісі ата-аналар қауымы мен мектеп ұжымының тығыз байланысы арқылы жүзеге асырылады. Оқу жылы басында мектеп пен ата-аналар қауымына арналған жұмыс жоспары құрастырылады. Осы жоспар негізінде әр тоқсан сайын сыныптық және жалпы мектептік ата-аналар жиналысы өткізіледі.

Рухани Жаңғыру бағдарламасының жүзеге асу бағытында және қоғамда жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылық, бұзақылық, ерте жүктілік, өзіне- өзі қол жұмсау фактілерінің жиелілеп кетуіне орай  сынып жетекшілері, ата- аналармен  өзекті мәселелер туралы жиын өткізілді.

Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы –бақыт мекені» атты отбасы апталығы өтті.  «Отбасы – бақыт мекені» апталығының жоспары жасақталып, бекітілді.  Апталық  аясында  бастауыш сыныптарда «Менің

байлығым –менің отбасым» тақырыбында сурет салынып әлеуметтік желіге жүктелінді. 5-11 сыныптарында ата –ананың қадірлеу, үлкенді сыйлау, отбасы құндылықтары туралы сынып сағаттары өткізілді. Ата-аналармен «Сіздің болғаныңыз үшін рахмет!», «Қарты бардың қазынасы бар» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.






Желтоқсан айында мектеп басшысы Искакова О.С зум платформасы арқылы «Оқу-тәрбие үрдесіндегі жаңа бағыт, жаңа көзқарас болашақ бастауы» атты ата- аналар жиналысын өткізді. Жиналыста мектеп басшысы жемқорлыққа қарсы сұқбат беріп, бұйрық шығартып, ата-аналармен таныстырды. Сонымен қатар қалалық терапия бөлім меңгерушісі Жетписбаева Ш.Т жасөспірімдерге екпе салу жайлы мәлімет беріп өтті, Вейптің денсаулыққа зияны жайлы ата аналарға түсіндеріп өтт.




Желтоқсан айының 23-24 жұлдызында, мектебімізде “Funny day” тақырыбымен “ашық есік” күні өтті. Мақсаты:Оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылау.Оқушылардың шығармашылық біліктіліктерін дамыту және білімді насихаттау.Ата-аналар үшін педагогикалық ағарту ісін ұйымдастыру.

Отбасылық қауымды мектеп қызметіне белсене араласуға тарту. Шақырылған ата-аналар төрайымдарымен екі күн қатарымен ашық есік күні өтті. Бірінші күн бастауыш сыныптардың ата-аналар төрайымдары мен пән мұғалімдері, екінші күн 5-11 сынып ата-аналар төрайымдарымен. Іс-шараның бастамасын мектеп педагог-психологы Мухамеджанова Д.Ш.,психологиялық тренингпен ашты, кейін ашық есік күні барысында мектеп әкімшілігі мектеп жарғысы, жалпы мектеп тәртібі, оқу процессі және тәрбие үрдісі бойынша сөз алды, ата-аналар тарапынан келіп түскен сұрақтарға жауап беріп, ұсыныстарын тыңдады. Келіп түскен сұрақтар мен ұсыныстарды мектеп әкімшілігі алдағы уақытта назарларында ұстап, ата-аналармен бірлесе шешудің жолдарын табатынына сенімді. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай жасалған көрмеге белсене қатысқан ата-аналарды құттықтап, алғыс хаттар үлестірілді. https://www.instagram.com/p/CX77bzmJfEn/





Биылғы оқу жылы мектебімізде «Мектеп медиациясы» жұмыс жоспары құрылып, мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес құрамындағы мүшелермен тығыз жұмыс жүргізілді.Ұжым арасында, ата-ана, оқушы арасында қандайда бір түсініспеушілік, не болмаса даулы мәселелер туған жағдайда мектеп медиаторы көмегімен шешілу қарастырылды.

Ұлыстың Ұлы күні «Наурыз-2022» мерекесіне орай жоспар құрылып түрлі іс- шаралар жоғары деңгейде өткізілді. Сыныптар арасында ата-аналардың қолдауымен «Қазақтың салт- дәстүрлері» атты сайысы ұйымдастырылды.





8 – наурыз «Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне байланысты « Өлшеусіз мейірім мен махабаттың өзгеден бөлексің ау, АНА жүрек» атты тәрбие сағаттары өтті.







7- мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Әкешім- мақтанышым, тірегім», «Отан қорғаушылар күні» атты тәрбие сағаттар «Әке- ер, ана- жігер, мен үйдегі кемеңгер» атты квест ойыны өткізілді. Мақсаты Отанымызды, елімізді, отбасымызды қорғайтын ер азаматтарымыз, әкелеріміз, ағаларымыздың үлгі болатындай білімді, ақылды, мықты өсулеріне өз үлестерін қосу.







Адам тәрбиелеу – ұлы міндет. Ұлы міндет қашаннан ұлы күреспен ғана жүзеге асырылады. Біздің қазіргі жағдайымызда жан-жақты дамыған адамды тәрбиелеу – жанұя , қоғам мен мектептің ең биік мұраты болып табылады. Жас баланың болашағы оның дұрыс тәрбиеленуіне байланысты. Әрбір балаға жан-жақты өнеге беру елімізде мемлекеттік маңызды мәселе. Оқушыны білімді, жоғары идеялы, қолынан іс келетін еңбекқор, батыл да батыр, жоғары мәдениетті, сыпайы да сүйкімді, өнерлі де өнегелі етіп өсіру – ата-ананың , ұстаздың , қоғамның, яғни бала тәрбиесі бүкілхалықтық іс.

## IX. Әлеуметтік-психологиялық жұмыс

### Жақсылық жасауаға асығайық!

Мектепте тамыз айының 29 жұлдызында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай, мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды.

Мектеп бойынша баланың жалпы саны-677. Оның ішінде: аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны 7, көпбалалы отбасындағы оқушылар саны-163, жетім 1, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар саны 5, толық емес отбасындағы оқушылар саны 55, өгей әкесімен тұратын оқушылар саны 12, сенімхат бойынша тұратын оқушылар саны 8, үйде оқитын оқушылар саны 4.

Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке балалардың бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді.





Биылғы жылы акция әлеуметтік бағыттағы «Менің таңдауым-балаларға көмек көрсету»! атты ұранымен өтті.Мектептің фойесінде Республикалық «Мектепке жол» акциясының басталғандығы жайында стенд құрылды.Акция барысында мектеп жасындағы балаларды білім ұйымдарында оқумен қамту, әсіресе тұрмысы төмен, көпбалалы, аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету жөнінде іс-шаралар өткізілді. Акция барысында тұрмысы төмен, көпбалалы, аз қамтылған жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларына көмек көрсетілді. Оның ішінде 46 балаға киімдер, мектеп-сөмкесі және қажетті құрал-жабдықтар берілді.

Акция мақсатын іске асыру барысында мектеп оқушыларының ішінде мұқтаж деген оқушыларға қажетінше көмек көрсетілді. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыларға, көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған отбасыларға демеуші Рамазанов Дархан 700.000 (жеті жүз мың) теңге ақшалай көмек көрсетті (28 балаға). Әр балаға 25 мың теңгеден ақшалай көмек берілді. Көмек алған отбасылар өздерінің алғыстарын айтып ризашылықтарын білдірді.

2021 жылдың 11.10.-22.10 аралығында әлеуметтік педагогтың онкүндігі өтті.

Онкүндік іс-шараны ұйымдастыруға және өткізуге мектептің әлеуметтік педагогі және сынып жетекшілері қатыстырылды.

12 қазан күні «Дұрыс тамақтану мәдениеті»тақырыбында бастауыш сыныптар арасында бейнероликтер көрсетілді.





13 қазан күні әлеуметтік педагог «Отбасының мүшелерінің құқықтары мен міндеттері» туралы дөңгелек үстел өткізді.

14 қазан күні «Менің құқықтарым және міндеттерім» туралы сауалнама өткізілді.






15 қазан күні әлеуметтік педагогтың оңкүндігінде 1-4 сыныптар арасында «Сау болғым келеді деген» іс-шара өткізілді. Іс-шаралар өте қызықты өткізіліп қорытындысы жасалды.





18.10 қазан күні әлеуметтік қатысуымен жоғары сыныптар арасында «Кәмелетке толмағандармен және оларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық», «Кәмелетке толмағандармен оқу орындарына кесі, үшкір, газ құралдарын әкелуге тиым салынатыны»тақырыбтарында дәрістер оқыды.

Қылмыстың алдын-алу туралы бейнероликтерді көрсетілді.





19 қазан күнімектептің медицина қызметкерімен, әлеуметтік педагогтың қатысуымен «Баланың ағзасын аулы заттар мен есірткінің зияны» туралы әңгіме жүргізілді. Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы

ой өрісін дамыту, зиянды әдеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратының ескертілді. Есірткі, ішімдік және темекенің ағзаға тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптары, адам ағзасына теріс әсері туралы айтылды. «Зиянды заттардың алдын алу» туралы слайдтар көрсетілді











20 қазан күні сынып жетекшілерімен, әулеметтік педаготың қатысуымен «Ас адамның арқауы», «Дұрыс тамақтану тәртібі», «Көкөністердің пайдасы» туралы тәрбие сағаттары өткізілді.

Оқушылар дұрыс тамақтану мәдениетімен танысты. Адамның ағзасына қажетті тағамдық заттардың ерекшілігін, денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсінді.






  

21 қазан  күні 1-4 сыныптар аралығында «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында  сурет көрмесі өткізілді.

2022 жылдың қаңтар айында Атаулы әлеуметтік құжаттың жаңартылуына байланысты құжаттар қайта жиналынды. Көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен  жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасындағы 79  оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылардың тамақтану кезеңінде асханада әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері жауапты. Оның ішінде көпбалалы отбасынан шыққан балалар-65, аз қамтылған отбасынан шыққан -9, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар- 6. Күн сайын мектеп медбикесі асхана мәзірін тексеріп, балалардың тамақтануын бақылап отырды. Асханада берілетін ыстық тамақтын сапалығын, гигиеналық талаптарын бақылау үшін арнайы комиссия құрылды. Бұл комиссия айына екі рет асханада балаларға берілетін тамақты тексеруден өткізіп отырды.

  

  

**2019-2022 оқу жылдары аралығында тегін тамақтанатын балалар санының көрсеткіші**

| № | жылы | Тегін тамақтанатын балалар саны | Оның ішінде көпбалалы отбасынан шыққан балалар саны | Аз қамтылған отбасынан шыққан балалар саны | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2019-2020 | 98 | 70 | 25 | 3 |
| 2 | 2020-2021 | 46 | 36 | 4 | 6 |
| 3 | 2021-2022 | 79 | 65 | 9 | 5 |




Мектебімізде 2022 жылы 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы бойынша айлық өткізілді. Акцияны өткізу барысында іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Акцияның мақсаты Материалдық көмекке мұқтаж көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, үйде оқитын, жетім және жартылай жетім, қамқорлыққа алынған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетілді.

Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай-ақ материалдық көмекке мұқтаж көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, жетім және жартылай жетім, қамқорлыққа алынған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу.

Міндеті:

- жалпы орта білім алу үшін мектеп жасындағы балаларға жағдай жасау;
- дәлелсіз себептермен сабақтарға ұзақ уақыт бойы қатыспаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу;
- олардың сабақтарға қатыспау себептерін анықтау;
- күнкөрісі төмен және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға жұртшылықты тарту.

Мектебімізде 2021-2022 оқу жылы барысында күн сайын кесте бойынша оқушылардың күнделікті сабаққа қатысу қатаң түрде қадағалануда болды. Себепсіз қалған оқушылар болса, міндетті түрде сынып жетекшісі анықтап, кейін ол оқушыдан талап етілді. Оқушылардың сабақ босатуының негізі себебі: денсаулық жағдайына байланысты болып жатады. Әрине олардың анықтамалары бар. Жалпы оқушылардың сабаққа қатысуы өте жақсы деңгейде болды.

Алғыс күніне мектеп ұстаздары «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. «Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің»-деген дана халық. «Жанашарлыққа-жан риза» дегендей жетім, қамқорлыққа алынған, аз қамтылған отбасының балаларына жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның адамгершілік қасиеттінің белгісі.










2022 жылдың Рамазан айы сәуірде көпбалалы және аз қамтылған отбасыларына 100 000 тенге көлемінде киім-кешектер,азық-түліктер, тәтті сыйлықтар берілді.






Алақан жылуын, мейірімділік шапағатын аңсаған әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялату арқылы өскелең ұрпақтың бойына ізгілік, жомарттық, жанашырлық сынды асыл қасиеттерді дарыту – баршамыздың борышымыз. Болашағымыз жарқын, ұрпағымыз бақытты болсын десек, бір-бірімізден қамқорлығымызды аямайық!

## X. Мектептің өзін-өзі басқару жүйесі

Мектебіміздің «Мыңбұлақ» тәрбие орталығында жұмыс атқаратын «Қайнар» балалар ұйымы. «Қайнар» БҰ оқушылардың жауапкершілігін, әлеуметтік белсенділіктерін, танымдық, шығармашылық қабілеттерін тұлға ретінде қалыптастыруда үлесін қосуда.

«Қайнар» балалар ұйымының бастау алар көздері Республикалық балалар ұйымының «Жұлдыз» бағдарламасы мен «Атамекен» бағдарламасының бағыттары негізінде құрылған жоспар бойынша жұмыс істейді. Тәрбие үрдісін ізгілендірудің және мектептен тыс тәрбие жұмысын жетілдірудің негізгі шарты – оқушыларға даралап ықпал ету тәсілі болып саналады. Оқудан бос уақытында жасөспірім ортақ істің ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Іске қатысушы ретінде ол алдына міндеттер қояды, оларды шешу жолдары мен құралдарын таңдайды ақпарат алды, яғни жеке тұлғаның дамуы, ержетуі және әлеуметтік бағытталуы іске асады демекпіз. Бос уақытты жүйелі ұйымдастыру, мәдени құнды мазмұнмен толықтыру, әлемдік және отандық мәдениетке баулу, өзін-өзі саналы түрде бағалай білу сияқты аса маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуге көмектеседі.

Оқушының демалуы, сауығуы мен бос уақытын өткізуі тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады, оны тек әлеуметтік тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасалған. Ұйымның әр мүшесі ұйымның іс-әрекетімен өмірдің кез келген сұрағы бойынша ұсыныстар енгізе алуға, талқылауға, барлық іс-шараларға қатысуға, өз-өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға құқылы.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін «Қайнар» БҰ КТК, спорттық, өнертапқыш клубтары және әр түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастырыды. Заман талабына сай қазір әрбір үйде жаңа технологиялар бар. Балалар ұйымның белсенділерінің отырыстарында түрлі іс-шараларды ойластырып, ұйымдастырып, іске асыруға тырысады.

**<u>Өзін-өзі басқару ұйымы:</u>**

<u>Мақсаты:</u> қарым-қатынасты ізгілендіру; ұжым өмірін жариялыққа, еркінділікке негіздей отырып, оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау.

<u>Өзектілігі:</u> оқушылар әрекетінің еріктілігі, жариялылығы, тең құқылығы; жалпы адами асыл құндылықтарды шынайы бағалауға бағыттау; өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызу.

Принциптері: мектеп өмірінің мәселелерін шешуде оқушылардың өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігі, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының жауапкершілігі, оқушылардың өзін-өзі басқару өкілеттілігін тағайындау; оқушылардың өзін-өзі басқаруда алуан түрлі әдістерді пайдалану.

**«Қайнар» БҰ-ның негізгі ережелері:**

Балалар ұйымының атауы: №5 С.Сейфуллин атындағы мектеп-лицейінің «Қайнар» БҰ;

«Қайнар» БҰ: өзін-өзі басқаратын, шығармашыл, ерікті, жас ерекшеліктері әртүрлі деңгейдегі, көшбасшы оқушылардан құрылған балалар ұйымы;

«Қайнар» БҰ өзінің жұмысын қала, облыс және Республика төңірегінде іске асырады;

Балалар Ұйымы өзінің жұмысын жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының Ата Заңы, Азаматтық Кодекс, Балалар Конвенциясы және «Жұлдыз» РБК жарғысын негізге алады;

«Қайнар» БҰ өзінің туы мен төсбелгісі бар, ол Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келтірмейді.

Жыл сайын мектепте «Қайнар» БҰ президенті мен «Ұланбасы» сайлауы өтеді және мектеп көшбасшылары тобы құрылады. Мектеп Ұланбасы: 9 «А» сынып оқушысы Хакім Ақнұр (қалалық сайыстардың жеңімпазы, қашықтық олимпиадалар, мектепшілік, қалалық олимпиадалар жүлдегері. «Қайнар» БҰ-ның көшбасшысы: Жаксылыкова Дильназ 10 «Ә» сынып оқушысы («Қайнар» БҰ мүшесі, қашықтық, Халықаралық олимпиадалар жеңімпазы, қалалық, облыстық «Ой сана» сайысының жеңімпазы, республикалық «Жұлдыз» БҰ-ның белсенді мүшесі, «Жас Ұлан» мүшесі.




Мектеп президенті мен Ұланбасы мектепшілік, қалалық іс-шараларды ұйымдастыруда бірлесіп жұмыс атқарады. Оқушылар кеңесінде көшбасшылар мектептегі сынып белсенділерімен және мектеп әкімшілігімен жұмысын жүзеге асырады. Тәжірибенің нәтижесінде

мектепшілік оқушылардың өзін-өзі басқаруы оқу-тәрбие үрдісіне жақсы ықпалын тигізіп, оқушылардың тәрбие деңгейінің жоғарылауына септігін тигізеді.

Мектеп президенті мен министрліктердің атқаратын қызметі:

- Білім министрлігі: оқушылардың үлгеріміне жауап беру және қадағалау;
- Еңбек министрлігі: мектеп құрал-жабдықтары, тазалығы мен сенбілік өткізу;
- Әділет министрлігі: мектеп тәртібі мен оқушылар тәртібін бақылау;
- Денсаулық министрлігі: спорттық іс-шараларды ұйымдастыру;
- Мәдениет министрлігі: мәдени-көпшілік шараларды өткізу.
-




-

«Қайнар» БҰ мүшелері мейірімділік акциясында, еріктілер тобында, әлеуметтік жобаларды іске асыруда, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне көмек көрсетуде, «АҚТБ мен ЖҚТБ алдын алу» акцияларында, қалалық сенбіліктерде, сонымен қатар мектепшілік және қала көлемінде өтетін барлық іс-шараларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болады. Соңғы үш жылдың ішінде оқушылардың жетістіктері бойынша көрсеткіш:

**Төмендегі іс-шаралар мектепте дәстүрлі өтеді:**

- «Қамқорлық» акциясы;
- «Білім күні» салтанатты лездемесі;
- «Алау» спорттық ойыны;
- «Ұлағатты ұстазым» салтанатты мереке;
- «Саламатты жасөспірім – салауатты болашақ» флэшмоб акциясы;
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен қарттармен кездесу;

- «Қайнар» БҰ туған күні;
- Мектепшілік «КТК» ойыны;
- «Team building» ойыны;
- «Көшбасшылар» отырысы;
- «Жұлдызды отбасы» спорттық ойын;
- «Мектеп КТК» мектеп кубогы ойыны;
- « Dance battle» би жарысы;
- «Мейірім» акциясы;
- Мектепшілік пікірталас;
- «Ұланбасы» сайлауы
- Квест ойындары
- Медиа фестиваль
- Әдеби кештер
- Интерфейс сайысы
- Әлеуметтік жобалар.

Оқу жылының бірінші күнінен бастап, мектеп оқушылары салтанатты лездемеден кейін, мектеп ұланбасы мен «Қайнар» БҰ-ның көшбасшысын тағайындады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы ұйымдастыруымен өткен «Ата-ана жүрегіңіз сыр бермесін» тақырыбында бейне баяндар байқауына қатысып, «Қайнар» БҰ көшбасшылары 5 дана фотосуреттерге арналған фото рамкалар және дипломмен марапатталды. «Жоғалтылған уақыттың іздеуінде» атты спорттық- танымдық жарыста 10 «Ә» сынып оқушылары қатысып, мектеп қоржынына «Күміс жүлдегер» диломымен марапатталды.

Жыл сайын дәстүрлі іс-шараға айналған, еріктілер жасақтарының жұмыстарын жандандыру мақсатында өткізілетін, «Мейірім бұлағы» слеті қазан айының соңында ойдағыдай өтті. Қала және ауыл мектептерінің еріктілер жасақтары өздерінің әлеуметтік презентацияларын ортаға салып, қорғауға тырысты. Қалалық «Нұршуақ» бала-бақшасына барып мектеп еріктілері бүлдіршіндерге ертегілерден үзінді қойып, қызықты ойындар ұйымдастырып, спорттық жарыстар өткізді. Бұл жоба еріктілердің ғана емес, сонымен қатар тәрбиешілер мен ата-аналардың да көңілінен шықты. Мектептің әлеуметтік жобасын биылғы жылы 10 «Ә» сыныбы қолға алды.

II тоқсанда өткізілген облыстық «жол ережелерін сақтау» видеоконкурсында 2 орын. Қараша айында өткізілген «Беттерді аудара отырып» әдеби салтанатты кешке 10 «Ә» сынып оқушысы Урустемова Жулдыз «Музыка өлеңде» номинациясында марапатталды. Салауатты өмірді насихаттау аясында бейнероликтер, буклеттер, «Анти-СПИД» акциясына 10«Ә» сыныбының оқушылары қатысып, белсенді қатысқаны үшін грамотамен марапатталды және 10 «Ә» сыныбының оқушысы Жақсылыкова Дильназ қабырға газеттерінің конкурсы бойынша I жүлделі орынға ие болды.

«Хрустальді қаламұш» III-ші қалалық медиафестивальге 9«А» сыныбының оқушысы «Жас тілші-2022» сайысына қатысып, 3 дәрежелі орын алса, мектеп балалар БАҚ-ның медиа орталығының жас тілшілері 2 орынды жеңіп алды. Қала мектептерінің арасында өткізілген «Family Dance drive» би конкурсына 1 «А» сыныбының оқушылары мен ата-аналары қатысып, I орынға ие болды. Қала, ауыл мектептерінің тәлімгерлеріне арналған, қалалық аға тәлімгерлер семинары өз деңгейінде өтіп, қалалық білім бөлімі әдіскері атынан жақсы бағамен бағаланды. Қайнар Б.Ұ туған күніне орай мектепшілік КВН ойны өтіп, 9 А сынып командасы жеңімпаз атанды. Мектепте цифрлық канал өз жұмысын жалғастыруда.





Облыстық «COMEDY KIDS» видео байқауына 10 Ә сынып оқушылары Саметова Зарина, Алимхан Жанерке және Абдухалибеков Жанболат қатысты.

3 тоқсанда мектепте «көктемгі вайб» атты фестиваль өтті. Мектептін 7-10 сыныптары белсенді қатысып, мектеп ханзадасы мен ханшайымы тағайындалды.




Фестивальдің басты мақсаты – оқушылардың мектеп өміріне белсенді қатысуы. Басқа сыныптармен өзара қарым-қатынасты жақсарту.

PARLIAMENT

Мектеп парламентінің ұйымдастырған басты жобалары:
Қыздар және ұлдар арасындағы 7-11 сыныптар волейбол жарысы.







8 А сыныбы мектептің ең үздік командасы
9 Ә сыныбы мектептің ең үздік командасы

Жас ұлан мен Жас қыран қатарына қабылдау рәсімі.




«Қайнар» БҰ өмірі қызықты, әрі тартымды. Елбасы Жолдауында айтылғандай, бәсекеге қабілетті, қоғамдағы адамның басты белгісі, оның білімділігі, жасына лайық өз ой-пікірін анық та, ашық, түсінікті жеткізе білетін құзыреттілікке қол жеткізу болып отыр. «Қайнар» БҰ мектеп оқушыларының қабілетті, дарынды, өз ісінің көшбасшысы болып дамуына қосатын үлесі өте зор.

## XI. Мектептегі психологиялық қызмет

Мектептегі білім беру үрдісіндегі әрбір тұлғаның психологиялық денсаулығын сақтау мен дамытуды жүзеге асыру мақсатында мектепте әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсетіледі.

**Мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты:**

- мектептің білім беру үрдісінде қалыпты жағдайды қалыптастыра отырып, оқушылардың психологиялық даму үдерісін басқару.

**Мектептегі психологиялық қызметтің міндеттері:**

- оқыту үдерісінің түрлі кезеңдерінде оқушылардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру;
- оқушылардың дамуындағы «туындайтын» мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау;
- ішкі мектептік білім беру бағдарламасының және қолданатын технологиялардың оқушылардың жеке тұлғалық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру;
- мектептің білім беру үрдісіндегі балалардың оқу, тәрбие және даму үдерістеріне ақпараттық-психологиялық қолдау көрсету.

***Психологиялық қызмет негізінен төмендегідей бағыттарда жүргізіледі:***

*Психологиялық зерттеу*

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

*Психологиялық алдын-алу*

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу шараларын ұйымдастыру.

*Психологиялық түзету, дамыту*

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

*Психологиялық кеңес беру*

Мақсаты: Педагогкикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру.

*Психологиялық ағарту*

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шаралар.

## Психологиялық диагностика

Мектепте оқушылармен келесі сипатта диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

***Екжанованың әдіснамасы бойынша:***




***Өзін-өзі реттеу бойынша:***




Баланың мектепте оқуға даярлығын анықтайтын әдістер жүргізілген жұмыстар төмендегідей нәтиже көрсетті:

1-сыныпта оқушыларының психологиялық-педагогикалық жұмыстары төменде көрсетілген әдістемелер арқылы жасалды:

- өзін-өзі реттеу бойынша графикалық үлгілерді қайталап жазу;
- Пьерон- Рузердің тесті;
- Дж.Буктың «Адам. Ағаш.Үй» проективті методикасы;
- дыбыстық талдау әдісі.
- Қимыл-қозғалыс қарқыны
- Мағынасыз сөздерді көшіру
- Кери-Ийрасиктің әдістемесі жүйке жүйесінің қасиеттерінің динамикалық сипаттамаларын, ауысу және шаршағыштықты диагностикалау.

«Мағынасыз сөздерді көшіру» қолдың моторикасының, моториканың үйлесімділігінің ерекшеліктерін анықтауға, зерттелетін өзін-

өзі басқару қабілеті туралы қорытынды жасауға және жалпы олардың мінез-құлқын басқаруға мүмкіндік береді.

Аталмыш диагностикаларға тоқталатын болсақ, олар: оқушылардың өзін-өзі реттеу бойынша графикалық үлгілерді қайталап жазу әдісі, Пьеро-Рузердің тесті бойынша белгіленген уақыт аралығында пішіндерге сәйкестендіріп белгілерді қою, «Адам.Ағаш.Үй» әдісі бойынша оқушылар өз қиялдарындағы суреттерді салыса, фонематикалық дыбыстық талдау оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, берілген сөздермен алынды.

Графикалық үлгілерді қайталап жазу арқылы оқушының өзін-өзі реттеуі қандай деңгейде екенін анықтау. Пьеро-Рузердің тесті бойынша оқушылардың зейінінің қалыптасуы мен шоғырлануын анықтай алсақ, «Адам.Ағаш.Үй» әдісі арқылы оқушының эмоциялары мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік береді. Фонематикалық талдау әдісі арқылы оқушылар естіген сөздерін, дыбыстарға ажыратып айтып беру дағдысын анықтайды.

Кери-Ийрасиктің әдістемесін өткізуден басталды.

Мақсаты: оқушылардың мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін байқау. Бірінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңі

Мектептің бірінші сыныбы балалар өміріндегі ең маңызды және қиын кезендерінің бірі. Баланың мектепке қабылдануы эмоционалды стресстік жағдайға әкеледі: мінез-құлықтың үйреншікті стереотипі өзгереді, психомоционалды жүктеме артады.

Алғашқы күндерден бастап мектеп балаға оның бұрынғы тәжірибесімен тікелей байланысты емес, интеллектуалдық және физикалық күшін барынша жұмылдыруды талап ететін бірқаттар міндеттер қояды. Балаға жаңа факторлардың кешені әсер етеді: сынып, мұғалімнің жеке басы, режимнің өзгеруі, дене әдеттен тыс ұзақ шектелуі және әрине әрқашан тартымды емес жауапкершіліктердің пайда болуы.

Кіші оқушының психикалық даму процесі баланың психофизиологиялық мүмкіндіктері мен әлеуметтік ортаның талаптары арасындағы үйлесімді сәйкестікке негізделуі керек. Білімнің іргетасы бастауыш мектеп жасында қаланады, бұл жаста жетіспейтінін кейін торлықтыру қиынға соғатыны белгілі. Осыған байланысты бастауыш мектеп оқушыларының психикалық дамуын болжау мен түзетудің өзектілігі арта түседі.

Екжанова бойынша бірінші сынып оқушыларының кешенді диагностикасы жүргізілді. Балаларға ұсынылатын тапсырмалар

оқушылардың психикалық даму деңгейін және оқу әрекетінің алғышарттарының дамуын зерттейді: үлгіні өз бетінше талдау және үлгі бойынша әрекет ету, қабылдау-қозғалыс әрекеті процесінде өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру, басталған жұмысты аяғына дейін жеткізу, әрекетті уақытында орындауды тоқтату, басқа тапсырмаға ауысу. Оқу іс-әрекетінің алғы шарттарына дыбыстық талдау операциясы, қалыптасқан көренекі-кеңістіктік қабылдау және балалардың берілген суреттерді салғанда зерттелетін дамыған өнімді әрекеті жатады: Үй. Ағаш. Адам.

Оқушылар арасында дыбыстық фономатикалық талдау операциясының қалыптасуын зерттеу мынаны көрсетеді:

*Жоғары деңгей:* 1 «А» - 90%, 1 «Ә»- 80%, 1 «Б»-63,6%

*Төмен деңгей:* 1 «А»-9%, 1 «Ә»- 19%, 1 «Б» - 36%

Суреттерді талдау оқушылардың қоршаған орта туралы, оның интеллектуалдық даму деңгейі, ұзақ моториканы дамыту туралы алғашқы түсініктерін ашады және баланың кеңістікте бағдарлануының ерекшеліктері туралы түсінік береді.

Жоғары- ортадан жоғары: 1 «А» - 31%, 1 «Ә»- 33%, 1 «Б»-9%

Орташадан төмен-қысқа: 1 «А» - 68%, 1 «Ә»- 66%, 1 «Б»-90%

Бейнелеу дағдыларының дамуы төмен әсіресе 1 «Б» сыныбында

Қозғалыс жылдамдығының диагностикасы

Жоғары қозғалыс жылдамдығын көрсетеді:

1 «А» **18%,** 1 «Ә» **14%** и 1 «Б» **31%**

Орташа қозғалыс жылдамдығын көрсетеді:

1 «А» **31%**, 1 «Ә»57**%**, 1 «Б»**22%**

Төмен қозғалыс жылдамдығын көрсетеді:

1 «А» **50%,** 1 «Ә» **28%** и 1 «Б» **45%**

Жоғары өзін-өзі реттеу бойынша көрсетеді:

1 «А» **54%,** 1 «Ә» **57%** и 1 «Б» **18%**

Төмен өзін-өзі реттеу бойынша көрсетеді:

1 «А» **0%,** 1 «Ә» **14%** и 1 «Б» **10%**







Мектепке дайындығы жеткіліксіз «Тәуекел тобы» және «Қауіп-қатер» топтары анықталды. Мектеп ұстаздарына тәуекел топтарындағы оқушылармен жұмыс, мұғалімдер және ата-аналарымен жеке психологиялық және педагогикалық кеңес берілді. Бастауыш мектептің бірінші сыныптарында жұмыс істейтін әр мұғалім балалардың білім алуға деген ұмтылысын, оның жетістіктерін бірінші сынып оқушыларының психологиялық және физиологиялық мүмкіндіктеріне сай құзыретті білім беру ортасын құратын бірқатар факторлармен анықтайтынын есте ұстауы керекоқушылардың тізімін сынып жетекшілеріне берілді.

2-сынып оқушыларының арасында  түрлі тренингтер және аса назарды талап ететін оқушылармен психолог жеке жұмыстар жүргізді.

Мысалы: графикалық диктант, жұмыс барысында өзін-өзі реттеуге арналған жаттығулар, тәрбие мен тәртіпке коррекция жүргізу мақсатында сұхбат, арт терапия жұмыстары жүргізіліп отырды.

Білім алу іс-әрекеті окушы баланың өзіне бағытталған іс-әрекеттен тұрады. Бала тек білім алуды ғана емес, сонымен бірге оны қалай меңгеруді де үйренеді. Жазу, есептеу, оқу және тағы басқаларына үйрену арқылы бала өзін-өзі өзгертуге қарай бағыттай алады, яғни, ол іс-әрекеттік және ақыл-ойлық қажетті әдістерді (оны қоршап тұрған мәдениетке тән) меңгереді. Рефлексиялы түрде, яғни, өз санасы арқылы өзінің психологиялық күйіне ой жүгіртіп, ол өзін бұрынғы және бүгінгі қалпымен салыстыра алады. Өзіндік өзгерістері өз бойындағы жетістіктері арқылы қадағаланады және айқындалады.

Баланың дұрыс психикасының ерекшелігі – танып-білуге деген белсенділігі. Баланың құштарлығы өзін қоршаған әлемді тануға және осы әлемнің құрылысын өзінше бейнелеуге бағытталған. Бала ойнай жүріп тәжірибеден өтеді, себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктің себебін ашуға тырысады.

Бастауыш сынып жасы – бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Осы бір аса маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән бейімділігінің осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай бейімділіктер: адамның беделіне зор сеніммен карауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым-қатынасы. Бастауыш сынып жасындағы балалардың бойындағы осы аталған бейімділіктердің әрқайсысы тек жақсы жақтарымен ғана көрініс табады, ал ол осы жастағы балаларға ғана тән қайталанбас ерекшеліктер болып табылады.

Оқу жылының барысында 4-сынып оқушыларымен 4 бағытта жұмыс жүргізілді:

- «10 сөз» методикасы;
- «Шульте кестесі» методикасы;
- «Оқу мотивациясы» методикасы;
- Сөздік-логикалық ойлау қабілетін анықтау.

«10 сөз» методикасы

Мақсаты: қысқа мерзімді жадының деңгейін анықтау.




«Оқу мотивациясы» методикасы

Мақсаты: оқушының мектепке және оқу процессіне деген көзқарасын, мектепшілік мәселеге эмоционалдық тұрғыдан әсер етуін анықтау.



«Шульте кестесі» методикасы

Мақсаты: зейіннің тұрақтылығын, оның ауысуының жылдамдығын және жұмыс істеу динамикасын анықтау.




***Жұмыс істеу динамикасы:***



## *Психикалық тұрақтылық:*




## Сөздік-логикалық ойлау қабілетін анықтау

Мақсаты: 4 сынып оқушылары бойынша консилиумге дайындық.



**Сөздік-логикалық ойлау қабілетін анықтау деңгейлері**




5-ші сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделулерін, қалыптасу деңгейін анықтап, оқушылардың жаңа буынға тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалып, көмек көрсетілді жәнеде бейімделу жұмысы жаслып қорытындысы мектептің ұстаздарымен консилиум өткізілдіі. Өткізілген сауалнаманың нәтижесінде мектеп әкімшілігі және пән мұғалімдерімен оқушының бойындағы мектепшілік үрейді төмендету, орта буынға бейімделу және оқушыларға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында педагог-психолог консилиумы өткізіліп, мұғалімдерге арнайы ұсыныстар жасалды.

5-сыныптар бойынша «Мектептегі алаңдаушылық» диагностикасы төмендегідей қорытынды көрсетті:

- ✓ жалпы алаңдаушылық **жоғары арту** 16%
- ✓ мектептегі алаңдаушылық **жоғары арту** 30%
- ✓ қоғамдық стресқа алаңдау **жоғары арту** 9%
- ✓ фрустрация **жоғары арту** 12%, **жоғары** 2%
- ✓ өзін-өзі көрсетуге алаңдау **жоғары арту** 36%, **жоғары** 14%
- ✓ білім деңгейін тексеруде алаңдау **жоғары арту** 44%, **жоғары** 18%
- ✓ айналадағы адамдардың көңілінен шықпай қалуға алаңдау **жоғары арту** 16%, **жоғары** 10%
- ✓ күйзеліске физиология төтеп беру төмен деңгейі **жоғары арту** 12%, **жоғары** 4%
- ✓ мұғалім арасындағы мәселелер алаңдаушылық **жоғары арту** 40%, **жоғары** 10%




Зерттеу қорытындысы бойынша оқушылардың бейімделу деңгейлері, жоғары деңгейді көрсетті. Ең алдымен оқушылардың оқу әрекетінің оқу мотивациясы анықталып, қорытындысы шығарылды және пән мұғалімдеріне кеңестер берілді. 5-сынып ата-аналарымен жиналыста отбасылық тәрбие берудің негізгі ережелері талқыланды.

Оқу жылының екінші жарты жылдығыда «Оқуға денен қызығушылығын анықтау» мақсатында оқушылардан сауалнама алынды, нәтижесінде:

5«А» сыныбынды 25 оқушы оның ішінде
қызығушылығы жоғарғы деңгейі-18 оқушы-75%
қызығушылығы ортаңғы деңгей-5 оқушы-20%
қызығушылығы төменгі деңгей-2 оқушы-8%

5«Ә» сыныбынды 26 оқушы оның ішінде
қызығушылығы жоғарғы деңгейі-5 оқушы-19%
қызығушылығы ортаңғы деңгей-15 оқушы-58%
қызығушылығы төменгі деңгей-6 оқушы-23%



**Оқу жылының басын мектебімізді «Барлық әлем мен үшін!» тақырыбында онкүндік өткізілден бастадық**

***Мақсаты:*** Жас жеткіншектер арасында психологиялық ахуалды жандандыру, жақсарту, өмірдегі адамгершілік, отбасылық, татулық құндылықтарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу, өмірді бағалай білуге құштарлығын арттыру.

**«Барлық әлем мен үшін!»** тақырыбында өткен педагог-психолог онкүндігі жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, өткізілді.

Позитивті онкүндіктің бірінші күні мектеп радиосымен мектеп оқушылары мен ұстаздарын онкүндіктің жоспарымен мектеп педагог-психологы Мухамеджанова Динара Шыракжановна таныстырып өттім.

«Мен оқушымын» психологиялық денсаулықтың, оның құрамдас бөліктерінің маңыздылығы туралы 1 сыныптарға ақпарат Бекболатова Г.С. берді

https://www.instagram.com/p/CUVM_NYM7VB/?utm_medium=copy_link

Постер "Психологиялық денсаулық-сенімді болашақ!» мектеп оқушыларына әлкуметтік желілерде ақпараттар берілді





**Екінші күн "Күлімдеу пайдалы",** "Күлкі туралы 10 Факт"ақпараттық бюллетені мектеп оқушыларына ақпарат Мухамеджанова Д.Ш., таратты.

Ұйымшылдыққа және назар аударуға арналған «Біз біргеміз» ойынын 3-4 сыныптармен Бекболатова Г.С. өткізді.

«Бала неге ашуланшақ болады, неліктен агрессивтік мінез танытады?» тақырыбында ата-аналарға арналған ұсыныс инстограмм желісінде таратылды

Мектеп психологы Мухамеджанова Д.Ш. 9 сыныптармен «Менің адами құндылықтарым» тақырыбына байланысты дөңгелек үстел өткізді. Оқушылар осы тақырып төңірегінде өздерінің ойларын ортаға салып, пікір алысты, бейне баяндарды тамашалап, олар бойынша қорытынды жасап,

артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға тырысты. Дөңгелек үстел барысында сөз тапқырлығы және шешендік өнерімен көзге түскен оқушыларға мақтау айтылды.

**Үшінші күн "Түрлі-түсті көңіл-күй күні",** «Біз бақытты баламыз», «Мен өмірді таңдаймын» тақырыпта 5-9 сыныптар қабырға газеті шығарды және бастауыш сыныптың оқушылары видеоролик жасады, мәліметтер әлеуметтік желіде орналастырылды.





https://www.instagram.com/p/CUeXqReDLfh/?utm_medium=copy_link

